

Құдайберген Жұбановтың шексіз мұрасы

ЖАНЫ ӘРДАЙЫМ
ЖАҢАЛЫҚҚА
ҰМТЫЛДЫ

12-13 БЕТТЕР

Қ.Жұбановтың шексіз мұрасынан кандидаттық ғылыми диссертация қорғаған Zhubanov University ғалымдары.

Солдан оңға қарай: Мұхтар Мирон, филология ғылымдарының кандидаты, доцент («Профессор Қ.Жұбановтың ұлттық ғылым тілін қалыптастырудағы рөлі», 1999 ж.), Жанна Тектігүл, филология ғылымдарының докторы, профессор («Қ.Жұбанов және қазақ тілі тарихи грамматикасының проблемалары», 1994 ж.), Мақпал Жазықова, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент («Құдайберген Жұбановтың әдістемелік мұрасы», 2008 ж.), Нұрбол Садуақас, филология ғылымдарының кандидаты, доцент («Профессор Қ.Жұбанов еңбектеріндегі қазақ тілі дыбыстары жіктелімінің фонологиялық негіздері», 1999 ж.).

Фотограф Е.Саргузин.

4-9 БЕТТЕР



НАША
БИБЛИОТЕКА
СЕГОДНЯ
СООТВЕТСТВУЕТ
ВСЕМ
СОВРЕМЕННЫМ
СТАНДАРТАМ

14-СТР



☑ Day of Higher Education Workers

Кәсіби күн

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек 1 қазан — Қазақстан Республикасының жоғары білім қызметкерлері күнімен құттықтады.

«Құрметті әріптестер! Қадірлі жоғары оқу орындарының оқытушылары мен қызметкерлері!

Ғылым және жоғары білім министрлігінің және өзімнің атымнан кәсіби мерекелеріңіз — Жоғары білім қызметкерлері күнімен өздеріңізді шын жүректен құттықтаймыз!

Биыл алғаш рет атап өтілетін бұл атаулы күн еліміздің білім беру саласының қарқынды дамуына ерекше ықпал етпек. Кәсіби мамандары-

мыздың қоғамдағы маңызын айқындай түспек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы баса көңіл бөліп отырған жоғары білім саласы мен ғылымды дамыту әрбіріміздің міндетіміз әрі борышымыз болып қала бермек.

Әлемдік бәсекеге төтеп бере алатын білімді, білікті мамандарды даярлауда, еліміздің жоғары білім мен ғылыми әлеуетін арттыруда алға қойған міндеттеріміз бен мақсаттарымыз көп.

Әріптестер, өрбіріңіздің еңбектеріңіз — ел дамуының негізі!

Баршаңызға шығармашылық табыс, зор денсаулық және жоғары білім саласындағы бар жетістіктеріңіз үшін алғыс білдіреміз!

Білім мен ғылым жолындағы қызметтеріңізге табыс тілейміз!», — деді министр. Жарияланым министрліктің әлеуметтік желілеріндегі ресми парақшасында жасалды.

Мереке салтанаты

Бийлғы мерекенің сәні мен салтанаты айырықша болды. Кеш тұңғыш рет қазақ-ағылшын тілдерінде жүргізілді. Ректор Лаура Қарабасова бұл өрекшеліктің «жәй ғана заман көшіне ілесу нышаны емес, жаңа оқу жылынан бастап біздің университет шын мәнінде көп ұлтты, көп мәдениетті және көп тілді нағыз ғылыми ортаға айналды. Себебі Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен ашылған Ұлыбританиядағы мықты техникалық Heriot-Watt университетінің кампусында 500-ге жуық студент оқиды. Оларға сабақ беру үшін арнайы келген шетелдік оқытушыларымыз бар», — деді. Ректор сондай-ақ еліміз бойынша да оқуға түсушілердің географиясы кеңігенін атап өтті.

Бүгінде университетте 14 өңірден оқып жатқан білім алушылар бар. Олардың арасында Астана мен Алматының мықты мектептерін бітірген түлектердің болуы — үлкен мақтаныш. Бұл деректер жоғары оқу орнының ұлттық, халықаралық деңгейге көтеріле бастауының айғағы.

Мерекелік кеште туғанына 125 жыл толатын қазақтың тұңғыш лингвист-ғалымы Құдайберген Жұбановтың есіміне ерекше құрмет көрсетілді.

Мереке қарсаңында университеттің бір топ оқытушы-профессорлары мен қызметкерлері мемлекеттік, ведомстволық наградалар мен Ректордың Алғыс хатына ие болды.

Мереке қарсаңында Техникалық факультеті, «Металлургия және тау-кен ісі» кафедрасының профессоры, техника ғылымдарының кандидаты **Имангазин Марат Қыдырбайұлы** «Қаныш Сәтбаевтың 125-жылдық мерейтойы» медалімен, Филология факультеті, «Теориялық және қолданбалы тіл білімі» кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты **Нұрбол Абдоллаұлы Садуақас** «Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгісімен, Филология факультеті, «Теориялық және қолданбалы тіл білімі» кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы **Садирова Күлзат Қаниқызы** «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен,

Физика-математика факультеті, «Математика» кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы **Қағазбаева Аспет Кеңесбекқызы** «Құрметті профессор» медалімен марапатталды.

Сондай-ақ Физика-математика факультеті, «Физика» кафедрасының қауымдастырылған профес-



соры, физика-математика ғылымдарының кандидаты **Бекешов Амирбек Зарлыкович**, Физика-математика факультеті, «Математика» кафедрасының доценті, физика-математика ғылымдарының кандидаты **Бекбауова Алтыншаш Упуқызы**, Физика-математика факультеті, «Физика» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, физика-математика ғылымдарының кандидаты **Сагимбаева Шынар Жанузаковна**, Шетел тілдері факультетінің деканы, Ph.D., қауымдастырылған профессор **Керимбаева Ботагөз Талғатовна**, Тарих факультеті, «География және туризм» кафедрасының профессоры, география ғылымдарының кандидаты **Сергеева Айгүл Максатовна**, Техника факультеті, «Мұнай-газ ісі» кафедрасының доценті, Ph.D. **Абилова Гузель Кабилетовна** «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен наградалды.

Басты жаңалықтар

Главные новости

Main news

АҚЫЛДЫ БЕСІК

Ақтөбе облысының оқушысы бесікті смартфонмен басқару жүйесін ойлап тапты, — деп хабарлайды Ақтөбе облыстық білім басқармасының Баспасөз қызметі.

Ақтөбелік оқушы бесікті адам көмегінен басқаруға болатындығын дәлелдеді. Ол көп ізденіп, бесікті смартфонмен басқару жүйесін жарыққа шығарды.

Ақылды бесіктің авторы — Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы Қ.Мұханбетқалиұлы атындағы мектеп-гимназиясының 8-сынып оқушысы Әлібекұлы Ахмад.

Оқушы бесікті смартфонмен басқару жүйесін жарыққа шығарыпты.

«Қазіргі таңда жиналмалы бесіктердің саны көп, ал ақылды бесіктер қолданыста жоқ. Бесікті қашықтан басқару жүйесі өте қолайлы, мұндай технология жарыққа шыққан сайын сұраныстың арта түсері сөзсіз. Бұл әсіресе үй шаруасындағы аналарымызға ыңғай-

тұрғыда оған бағыт-бағдар көрсетіп, идеясын қолдаған жетекшісі — Мейірбек Избасаров.

Ахмад «Зерде» республикалық зерттеу жобалары конкурсының республикалық кезеңінің 1-орын иегері.

УМНАЯ КОЛЫБЕЛЬ

Школьник из Актобе изобрел систему управления колыбелью с помощью смартфона, сообщает пресс-служба Управления образования Актюбинской области.

Юный новатор доказал, что можно качать колыбель без помощи человека и выпустил систему управления через смартфон.

Автор умной колыбели — Ахмад Алибекұлы. Он учится в 8 классе школы - гимназии имени К. Муханбетқалиұлы Байганинского района Актюбинской области.

Школьник уже поделился своей системой управ-

ные навыки он применил на практике. Система управления колыбелью успешно прошла испытания.

Ахмад с 5 класса активно участвует в кружке «Робототехника». За два года занятий он изобрел умную колыбель. В этом проекте его направил и поддержал руководитель — Мейірбек Избасаров.

Юный новатор занял 1 место финального этапа республиканского конкурса исследовательских проектов «Зерде».

THE SMART CRADLE

A schoolboy from Aktobe invented a cradle control system using a smartphone, the press service of the Aktobe region Education Department reports.

The young innovator proved that it is possible to rock a cradle without human help and released a control system via a smartphone.

The author of the smart cradle is Ahmad Alibekuly. He is a student in the 8th grade of the K. Mukhanbetkaliuly gymnasium in the Bayganin district of Aktobe region.

The student has already shared his cradle control system via smartphone.

"Currently, there are a large number of folding cots, but there are no smart ones. The cradle remote control system is very convenient. Demand for this technology will undoubtedly grow, especially among stay-at-home moms. I have a younger brother who is still sleeping in the cradle. That's why this idea was born to help mom make it easier to take care of the baby," says the young inventor.

To implement this idea, Ahmad first expanded his technical knowledge, fully familiarized himself with the Arduino collection and carefully studied its capabilities. In the future, he put all the accumulated skills into practice. The cradle control system has been successfully tested.

Ahmad has been actively involved in the Robotics club since 5th grade. In two years of study, he invented a smart cradle. In this project, he was directed and supported by the head, Meyirbek Izbasarov.

The young innovator took 1st place in the final stage of the republican Zerde research project competition.



РЕКТОР МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТПЕН НАГРАДТАЛДЫ

Аграрлы-индустриялық мекен — Ақтөбе өңірі экономикасының қозғаушы күші — жас мамандарды дайындауда және өңірдің мәдени-рухани өмірінің өзегіне жауапты істеріне қосқан еселі еңбегі үшін Zhubanov University Басқарма төрағасы-Ректоры Лаура Чапайқызы Қарабасова Мемлекеттік марапат — «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградталды.

«Бүгін ұжымымыздың ортақ миссия аясындағы бірлігі мен тынымсыз еңбегі нәтижесінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталдым.

Бұл марапат өңіріміздің, еліміздің интеллектуалды әлеуетін нығайту жолындағы ұжымдық қызметімізге одан әрі серпіліс береді деп сенемін.

Еліміз үшін маңызды күн қарсаңында қолдауы әрі құрметі үшін Саясат Нұрбекұлы басшылық ететін министрлік ұжымына алғысымды білдіремін», — деп жазды ректор Facebook әлеуметтік желісіндегі жеке парақшасында.

РЕКТОР НАГРАЖДЕНА ГОСУДАРСТВЕННОЙ НАГРАДОЙ

За вклад в подготовку молодых специалистов — движущей силы экономики аграрно-индустриального Актобинского региона и развитие культурно-духовной жизни региона председатель правления — ректор Zhubanov University Карабасова Лаура Чапаевна награждена государственной наградой — медалью «Ерен еңбегі үшін».

«Сегодня благодаря единству и неустанным труду нашего коллектива в реализации общей миссии Указом Президента Касым-Жомарта Токаева я награждена медалью «Ерен еңбегі үшін».

Надеюсь, что эта награда придаст дальнейший импульс нашей коллективной деятельности по укреплению интеллектуального потенциала региона, нашей страны.

Выражаю благодарность коллективу Министерства под руководством Саясат Нурбекулы за поддержку и проявленное уважение в преддверии важного дня для нашей страны», — написала ректор на личной странице в социальной сети Facebook.

THE RECTOR WAS AWARDED A STATE AWARD

For contribution to the training of young specialists - the driving force of the economy of the agro-industrial Aktobe region and the development of the cultural and spiritual life of the region, Chairman of the Board — Rector of Zhubanov University Laura Karabasova was awarded the state award — the medal "Yeren enbegi ushin".

"Today, thanks to the unity and tireless work of our team in the implementation of a common mission, by Decree of President Kassym-Jomart Tokayev, I was awarded the "Yeren enbegi ushin" medal.

I hope that this award will give further impetus to our collective efforts to strengthen the intellectual potential of the region and our country.

I express my gratitude to the staff of the Ministry under the leadership of Sayasat Nurbekuly for their support and respect on the eve of an important day for our country," the rector wrote on her personal Facebook page.



лы құрылғы. Менің де бесіктегі кішкентай інім бар. Сондықтан да анама қолғабыс етіп, жұмысын жеңілдету мақсатында осы идея туды», — дейді жас өнертапқыш.

Ахмад бұл идеясын жүзеге асыру үшін алдымен техникалық тұрғыдан білімін кеңейтіп, «Arduino» жинағымен толық танысып, оның мүмкіншіліктерін жіті зерттеп шыққан. Ары қарай осы технологияға қатысты барлық жинаған білімін практикалық жағынан сынап көреді. Және бұл сынақтан ойдағыдай өтіп, бесікті басқаратын жүйені іске қосады.

Жас дарын 5-сыныптан бері «Робототехника» үйірмесіне белсенді қатысып келеді. Сол екі жылдық білімінің нәтижесінде ақылды бесікті ойлап тапты. Бұл

ленин колыбелью через смартфон.

«В настоящее время существует большое количество складных кроваток, а умных — нет. Система дистанционного управления колыбелью очень удобна. Спрос на эту технологию, несомненно, будет расти, особенно среди мам-домохозяек. У меня есть младший брат, который еще спит в колыбели. Поэтому и родилась эта идея, чтобы помочь маме облегчить уход за малышом», — рассказал молодой изобретатель.

Для реализации этой идеи Ахмад сначала расширил свои технические знания, полностью ознакомился со сборником «Arduino» и внимательно изучил его возможности. В дальнейшем все накоплен-

✓ 125 years since the birth of K.Zhubanov

Құдайберген Жұбановтың



АРНАЙЫ

Қ.Қ. Жұбановтың мұраларын жаңа қырынан зерттеген сайын, оның құндылығы ашыла түседі,

— дейді Zhubanov University «Теориялық және қолданбалы тіл білімі» кафедрасының меңгерушісі, гуманитарлық ғылымдар бойынша PhD, аға оқытушы Абдирова Шолпан Гайдарқызы. Кафедра меңгерушісі, жас ғалым дүбірлі іс-шара алдында сұқбат берді. Сұқбат алған журналист Гүлнара Қараша.

— Тіл білімі саласының маманы болғасын Құдайберген Жұбановтың кәсіби тұлғасын жаныңызға жақын тартатын боларсыз деп ойлаймын. Қай еңбегімен ұнатып, таныстыңыз?

— Қ.Қ.Жұбановтың ғылыми еңбектері өз заманының ғана емес, бүгінгі күннің де маңызды сұрақтарына жауап береді. Ғалымның көптеген еңбектері қазіргі заманғы тіл білімінің жаңа бағыттары мен теориялық мәселелерін түсінуге көмектеседі. Оның еңбектері қазақ тілінің тарихы мен құрылымын, тілдік жүйелерді жетілдіруде маңызды дереккөзі болып қала береді.

— Қысқа ғұмырында соңына таудай мұра қалдырған профессордың бүгінгі күні қадіріне құрмет деңгейінде сияқты. Дегенмен феномен тұлғаның әлі де болса көңіл қойып, зерттейтін тұстары бар ма? Қалай ойлайсыз?

— Кең әрі көп салалы тақырыпты қамтитын Жұбановтың ғылыми мұрасы лингвистикалық, педагогикалық, әдебиеттану, яғни тіл теориясы, қарым-қатынас құралы, тіл жүйесі мен сөйлеу тілі т.б.мәселелерімен тығыз байланысты.

Қ.Қ.Жұбановтың қазақ тіл біліміне қатысты зерттеулері көп жыл бойы құрылымдық лингвистика тұрғысынан қарастырылып келгендімен, ғалымның ғылыми мұраларынан қазіргі тіл білімінде кеңінен зерттеу нысанына айналған жаңа ғылыми лингвистикалық бағыттармен, олардың негізгі тұжырымдалған концепцияларымен үндестік табады. Солардың қатарына бүгінгі тіл білімінің теориялық жетістіктері деңгейінде жаңа қырынан қарастырылып жүрген функционалдық грамматика, паралингвистика, психолингвистика, танымдық және гендерлік лингвистика, әлеуметтік және прагматикалық лингвистика, әдеби тіл, лингвомәдениеттану т.б. жатады. Мысалы, Қ.Қ.Жұбановтың «Тілдің тарихын білу деген сөз — оның өніп-өскен жолын білу деген. Әлбетте, тіліміздің сонау ұзақ жолда қандай өзгерістерге ұшырағанын білу керек. Бұрынғыны білу жай әншейін мақсат емес, тілді меңгерудің амалы. Біз тілді меңгеріп болғанымыз жоқ, толық меңгерсек қана оны дұрыс бағытта өзгерте аламыз» деген пікіріне сүйенсек, тіл тарихын зерттеуге атүсті қарауға болмайды, өйткені мұндай білім қазіргі қолданыстағы мемлекеттік

тіліміздің құрылымы мен жүйесін, сөздік қорын (соның ішінде терминдер жүйесін), әліпбиді толыққанды қалыптастыруға, тілді оқыту мен жетілдіру ісін т.б. дамытуға кедергі болатынын дәйектейді.

Сондықтан да қазіргі жас тілші зерттеушілердің міндеті мен мақсаты, тілге деген қызығушылығы Қ.Қ.Жұбанов көзқарастарымен сабақтасып жатыр. Ол болашақ мамандардың тіл біліміне қатысты өз зерттеулерін жүргізу барысында Қ.Қ.Жұбановтың ғылыми мұраларын жаңаша, әрі жан-жақты сипатта талдауға басымдық беруге талпынысынан көрінеді. Бұл өз кезегінде ғалым еңбектерінде зерттеу нысаны болған кейбір лингвистикалық мәселелердің (тарихи-салыстырмалы тіл білімі, танымдық тіл білімі, әлеуметтік тіл білімі, тілдің құрылымдық жүйесі т.б.) бүгінгі күні де өзекті, өміршеңдігін жоғалтпағандығын, әрі олардың өзіндік көпқырлы шешімін табуда ғалым мұрасының құнды материал көздері бола алатындығын нақтылай түседі. Ендеше, Қ.Қ.Жұбановтың мұраларын жаңа қырынан зерттеген сайын, оның құндылығы ашыла түседі.

— Құдайберген Жұбановтың еңбектерін зерттеп, ғылыми дәрежеге жеткен ақтөбелік ғалымдар бір төбе. Еліміз бойынша тіпті көп. Жұбановтану бағытына тіл білімі саласының болашақ мамандары, бүгінгі жастардың көзқарасы қандай? Қызығамыз ма?

— Профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбанов қазақ тіл білімінің негізін салушылардың бірі ретінде бірқатар салаға қатысты маңызды ғылыми еңбектер қалдырған. Олардың қатарына: 1) фонетика, 2) грамматика (морфология және синтаксис), 3) ұлттық әдеби тілдің дамуы мен тарихы, 4) жазу емлесі, термин мәселесі, 5) оқулық мәселесі, бағдарлама, әдістеме, 6) мәдениет пен өнер мәселелерін жатқызуға болады. Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың тіл біліміне қосқан үлесі әр қырынан біраз зерттелді. Оның ғылыми зерттеулері негізінде докторлық, кандидаттық диссертациялар қорғалды. Ғылымға жастарды тарту осы салада еңбек етіп жүрген ғалымдарымыздың міндеті. Осы бағытта факультетімізде «Жас лингвист» үйірмесін жандандырып, студенттер мен магистранттарды ғалымның еңбектерімен етене та-

ШЕКСІЗ МҰРАСЫ

БЕТТЕР

ныстырып, ғылыми жобалар дайындау бағытында жұмыстар жасалып жатыр. Жыл сайын дәстүрлі ұйымдастырылатын ғылым айлығындағы конкурстарға, конференцияларға кафедраның профессор-оқытушылары Қ.Қ.Жұбановтың еңбектерін жаңаша талдап, оның еңбектеріндегі заманауи лингвистикалық және әлеуметтік мәселелер бойынша ғылыми жұмыстар дайындайды. 7М01701-Қазақ тілі мен әдебиеті, 7М02304-Филология білім бағдарламасының магистранттары «Жұбановтану» ғылыми орталығына ғылыми-зерттеу тәжірибесінен өтеді. Қ.Қ.Жұбановтың мұраларын тереңдетіп зерттеген сайын, оның еңбектерінің бүгінгі заманға сай өзектілігі артып, жаңа қырларынан ашыла түседі. Қазіргі жас ғалымдар шешуге болатын құнды дереккөздер табады.

— **Құдайберген Жұбановтың туғанына 125 жыл толуына орай кафедрада қандай тың істер атқарылды?**

— Аздап конференция тарихына шолу жасасақ, биыл дәстүрлі «Жұбанов тағылымы» ғылыми халықаралық конференциясы 11-рет өткізіліп жатыр. Ең алғаш 1989 жылы ұйымдастырылған. Профессор, тілші, ғалым, қоғам қайраткері Қ.Қ.Жұбановтың туғанына 125 жыл толуына орай Қ.Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Филология факультеті мен «Дарын» қосымша білім беру орталығының бірлесуімен «Жұбановтар әлемі» облыстық байқауы ұйымдастырылды. Алғаш рет бұл байқау ғалымның 120 жылдығы қарсаңында ұйымдастырылған еді. Биыл жоба «Үздік арнау» «Үздік гобелен» бағыттарымен толықтырылды. Байқау 27 қазанда өтті. Облыс көлемінде ұйымдастырылған байқауға 6 бағыты бойынша аудан, қала деңгейінде іріктелген 85 жұмыс тапсырылды. Өділқазылардың шешімімен байқау жеңімпаздары анықталды. Өткен жылғы байқаумен салыстырғанда оқушылардың қызығушылығының артқандығы байқалды. Жеңімпаздар 1 қарашада халықаралық конференциядан кейін өтетін қорытынды шарада марапатталады. Тағы бір тың жұмыс қатарына «Мемлекет және қоғам қайраткері» тақырыбында жазылған жаппай диктант шарасын айтуға болады. Биылғы конференцияда негізгі басымдық Қ.Қ.Жұба-

новтың қоғам қайраткері ретінде насихатталуына бағыттталып отыр. Себебі ғалым заман талабына сай бірнеше қоғамдық қызметтерді де қатар алып жүрген. Ол оқу-ағарту, ғылым саласындағы алғашқы еңбек жолын Ақтөбе педагогикалық техникумында мұғалім, Ақтөбе губерниялық халық ағарту бөлімінің методист-инспекторы қызметінен бастап, одан кейін Қазақстанның тұңғыш жоғары оқу орны — Қазақ педагогикалық институтының (қазіргі Абай атындағы) профессоры, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі, филология факультетінің деканы болып жұмыс жасайды. Кафедра меңгерушісі, КСРО Ғылым академиясындағы Қазақ филиалының лингвистика секторының меңгерушісі, «Қазақ тілінің академиялық сөздігінің» бас редакторы, «Ауыл мұғалімі» журналының бас редакторы да болған. Жаппай диктант шарасына Ақтөбе облысы бойынша білім беру мекемелері, атап айтар болсақ, Қ.Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің факультеттері, Ақтөбе гуманитарлық колледжі, Ж.Тәшенов атындағы №68 ЖББОМ, №40 ЖББОМ, аудан мектептері қатысты. Жаппай диктант шарасына қатысушылар Ақтөбе өңірінің ағартушысы, мәдениет және қоғам қайраткері, қазақ баспасөзінің алғашқы қарлығаштарының бірі, қазақ филологиясының тұңғыш профессоры Құдайберген Жұбановтың қоғам қайраткері ретінде атқарған қызметтерімен толық танысты. Диктант қазақ, орыс, ағылшын тілінде жазылды. Қазақ тіл білімінің тұңғыш профессоры Құдайберген Жұбановтың 125 жылдығына орай 15-29 қазан аралығында А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ғалымдарының қатысуымен профессор-оқытушылар және білім алушыларға арналған қонақ дәрістері ұйымдастырылды. Қонақ дәрістері Терминология орталығының жетекшісі С.Қ.Құлманов «Қ.Жұбанов және қазақ терминологиясы», ф.ғ.д. А.Ә.Алдаш «Профессор Есет Жұбанов және эпос тілінің сөз өрнегі», ф.ғ.д. А.Ә.Жанбаева «Асқар Жұбанов — қазақ қолданбалы лингвистика саласының негізін қалаушы» тақырыптары бойынша ғылыми пайымдауларымен бөлісті. Қазір барлық ақпаратты жастар интернет ресурстары арқылы алады. Сондықтан біздер мүмкіндігінше жастарға Жұбановтар әу-

леті және олардың өнегелі өмірі мен шығармашылығын, қоғам қайраткері ретіндегі бейнесін, ғылыми еңбектерін зерттеуші ғалымдар, бүгінгі ұрпақтарын насихаттау мақсатында студент және жас мамандарымыздың ұйымдастыруымен «Жас жұбановшылар» челленджі, «Жұбановтар лебізі» айдарымен видео сұқбаттар дайындалды. Конференцияға ел мақтанышына айналған ағайынды Құдайберген, Ахмет Жұбановтардың өнегелі өмірі мен ұрпақтары туралы 3028 экспонаты бар мәдени ошақтың бірі — Мұғалжар аудандық мемориалдық мұражайы өз коллекцияларымен келеді. Сонымен қатар конференция қарсаңына ғалымның кенже ұлы, қолданбалы лингвистика саласының негізін қалаушы Асқар Жұбанов атындағы мультимедиялық-лингфон кабинетінің ашылу рәсімін жасау жоспарланып отыр.

— **Тұлғаға шетелдік зерттеушілердің назары қандай? Бұл орайда жұмыстар жүріп жатырма? Қ.Жұбанов полиглот болған ғалым ғой. Мүмкін осы қырына қарай көңіл аударатындар бар шығар.**

— Құдайберген Қуанұлы Жұбанов үлкен талант иесі ретінде өзінің білім-парасатымен, жан-жақты қабілетімен ерекше туған біртуар жан болған. Сондықтан ол бірнеше тілді меңгерген қабілеттілігімен де дараланады. Бір еңбектерде Қ.Қ.Жұбанов 13 тіл білді десе, енді бірінде 18 тіл білді деп жазылған. Мұның себебі ғалым «түркі тілдерін» білемін деп жазғаны бар, ал түркі тілдерін тарқата айтқанда, ғалымның еңбектерінде қолданылған әртүрлі түркі сөздеріне қарасақ, шынында, нағыз полиглот екеніне көз жеткіземіз. Ол ауылдағы молда алдынан хат танып қана қоймай, араб-парсы тілдерін меңгеруге өз бетімен ізденіс жасаған екен. Одан кейін медреседе оқып, араб, парсы, шағатай, түрік, татар, башқұрт тілдерін игеріп кетуі де танданарлық жай. Ғалым орыс кластарында екі-үш жыл ғана оқып, таза орысша сөйлеуге үйренеді. Орыс тілін жақсы меңгергені сондай, ол ғылыми еңбектерін таза орыс тілінде жазатын дәрежеге ие болған. Ленинградта аз уақыт қана барып жүрген кезінде неміс, моңғол, грузин, чуваш, коми тілдерін меңгеріп қана қоймай, жапон тілін де үйренуге талпыныс жасауы ғалымның нағыз тума та-

лант екенін танытады. Осындай қабілет иесі бір сөзбен «біртуар» — феномен деп атауға лайық адам. Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың ізденгіштігін жастарға да үлгі етемін. Шетелдік ғалымдардың қызығушылығын ояту үшін ғалымның мұралары халықаралық деңгейде насихатталуы керек. Бұл бағытта да алғашқы жұмыстар жасалып, бүгінде жалғасын тауып жатыр. Мысалы, ф.ғ.д., профессор К.Қ.Садированың редакциясымен «Жұбановтану» зертханасы тарихынан» атты Жұбановтар әулетінің шежіресі мен Қ.Қ.Жұбановтың ғылыми еңбектері және оны зерттеген ғалымдар туралы кітап қазақ, орыс, ағылшын тілінде жарияланды. Профессор Қ.Қ.Жұбановтың ғылыми маңызды еңбектерінің бірі — «Из истории порадка слов в казахском предложении» мақаласы қазақ, болгар, ағылшын, неміс тілдеріне аударылып, аудармалар жинағы ретінде оқырмандарға ұсынылды. (Құрастырушылар: ф.ғ.д., профессор К.Қ.Садирова, П.С.Сыдық). Ғалым еңбектерін бірнеше тілге аудару халықаралық деңгейде насихатталып, ғылыми айналымын арттырады.

— **Құдайберген Жұбанов — көп балалы әке. Одан тараған ұрпақ ішінде ғылым жолына түскендер біраз. Әкесінің еңбектерін зерттеген балалары да бар екен. Білсеңіз, айтып берсеңіз.**

— Профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың балаларының ішінде Есет Жұбанов және Асқар Жұбанов деген екі баласы да қазақ тіл білімі саласындағы есімі ерекше аталатын танымал ғалымдар қатарында аталады. Есет Жұбанов — фольклор тілін зерттеу саласының ірі маманы болса, Асқар Жұбанов — қазақ тіл білімінде корпустық лингвистиканың негізін қалаған танымал тұлға. Екеуі де әкесінің ісін жалғастырған дара тұлғалар болды. Профессор Қ.Қ.Жұбановтың ғылыми мұрасын жинақтап, оның еңбектері бойынша диссертациялық зерттеулер жазылуына мұрындық болып, әзі де кейбіріне жетекшілік жасап, өзе аманатына сай ерекше еңбек сіңірген оның екінші ұлы Есет Жұбанов болса, одан кейін ең кенже баласы ғалым Асқар Жұбанов «Жұбановтану» саласына қатысты ғылыми жұмыстарға бағыт беріп, ғылыми қолдау көрсетіп келген еді. Есет Жұбанов Алматы қаласынан «Жұбановтану» зертханасын басқаруға арнайы шақырылып, ұзақ жылдар қызмет етті.

Сонымен қатар Асқар Жұбановтың келіні — А.А.Жубанова «Общелингвистическая концепция Х.К.Жубанова» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған. Ғылыми жетекшісі — ф.ғ.д., профессор Э.Д.Сүлейменова, кеңесшісі — ф.ғ.д., профессор Е.Қ.Жұбанов.

✓ 125 years since the birth of K.Zhubanov

Құдайберген Жұбановтың

АРНАЙЫ

Әлия Ұлықпанова — Zhubanov University аға оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі. Педагогикалық еңбек өтілі 36 жыл.

Әлия Жолдасқалиқызын ғылыми қауымдастық Құдайберген Жұбанов мұрасын зерттеуші ретінде таниды. Ол бұл бағытта 1997 жылдан бастап тынбай еңбектеніп келеді. «Жұбанов» медалі марапатының иесі.

Тұғырлы тұлғаның туғанына 125 жылдық елеулі оқиға тұсында жұбановтанушымен жолығып, қызыққан сұрағымызды қойып едік.

— Әлия Жолдасқалиқызы, осы университеттің түлегі екенсіз, студенттік жылдарыңыз 1989-1993 жылдарды қамтиды. Ол кезде жоғары оқу орны өңірдегі атақты пединститут еді. Жоғары оқу орнына ұлт мақтанышы, профессор Құдайберген Жұбановтың есімі берілгенде сіз 2-курсқа оқып жатуыңыз керек. Осы тарихи күндерге куә болыпсыз. Естелігіңізді айтып берсеңіз.

— 1989 жылы «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы ашылған кезде, біздер тұңғыш қабылданған студенттер болдық. 1993 жылы осы мамандықты тәмамдап, қолымызға диплом алған сәтте, облыстық «Ақтөбе» газетінде Ертай Ашықбаевтың «Елу бес жас күш» атты мақаласы жарық көрген еді. Ертай аға бұл мақаласын Құдайберген Жұбановтың «Он үш жас күш» атты мақаласымен үндестірген болатын. Қ.Жұбанов 1935 жылы ҚазПИ түлектеріне арнап: «...Бүгін жас мамандарды Қазақстан жұртшылығына тапсыра отырып, олар алған білімдерін болашақта іске асыра алар, көптің күткеніндей жеміс берер, ұлт мәдениетін құру жұмысында үміт ақтап, шын қайраткер болар деп сенемін...», — деп жазған екен. Кездесіңіз пікір емес. Ғұлама ғалымның тіл мен әдебиет мамандарына арнаған бұл сөзін еңбек жолымның бастапқы сатысынан-ақ басты ұстаным ретінде қабылдап, алғашқы қадамымды жасағаным ақиқат.

1990 жылдың 23 ақпанында Ақтөбе педагогикалық институты Құдайберген Қуанұлы Жұбанов атындағы педагогикалық институт деп аталсын деген қаулы шыққанда, қасиетті білім ордамыздың жаңа тынысы ашылғандай зор қуанышпен қарсы алдық. Көп ұзамай біздің университетке ғылымның бас қаласынан Есет аға Жұбанов келіп, бізге дәріс оқи бастады. Әлі есімде, ағай дәріс барысында Қ. Жұбановтың «Абай — қазақ әдебиетінің классигі» атты мақаласының қолжазба нұсқасын алып келді. Латын әрпімен жазылған екен. Мені тақтаға шақырып, сол еңбекті оқуымды сұрады. Мектепте неміс тілін «ете жақсы» оқыған едім, сондықтан латынша жазылған

мәтінді оқу қиын болған жоқ. Ғылыми еңбекті енді түйсіне бастаған кезіміз ғой, Қ. Жұбановтың ғаламат шебер тіліне, қаламгерлік қолтаңбасына сүйсініп отырып оқыдым. Арасында көз қиығыммен ағайға қарап қоямын. Ағайдың жан дүниесінде алапат бір тебіреніс барын сезіндім. Басын изеп, тым-тырыс тыңдап отыр. Кейіннен де талай байқадым: Есет аға мен ағасы Ақырап Жұбанов әкесінің еңбектерін оқытқанды ұнататын. Екеуінің де тыңдап отырған кезде көздерінен екелеріне деген шексіз сарытап сағыныш пен құрметті, әке еңбегіне тағзым еткенін байқайтынмын.

— Мүмкін Құдайберген Жұбановтың ғалым тұлғасына қызығушылығыңыз сол жылдардан басталған болар? Есімің асқақтатуда көп еңбектенгеніңізді білеміз.

— Студент кезімде Қ.Жұбановтың қолжазбасын алғаш қолыма ұстаған сәттен бастап, жұбановтанудағы ізденістерім басталғандай болды. Есет ағай келгеннен кейін «Жұбановтану» зертханасы ашылды. Сабақтан кейін осы жерге келіп, Қ.Жұбановтың еңбектерін оқытын болдық. Компьютер келе қоймаған жылдар, сондықтан жазу машинасына отырып, «жазып жатқан мақаламызды» тықылдатып теретін едік. Ағай кабинетке кіргендерге «Әкемнің еңбектерін талдап жатыр» деп ерекше ықыласпен айтады, біз марқайып қалатынбыз. Кейіннен университетке жас маман ретінде қабылдандым. Ағай Қ.Жұбановтың фольклор, әдебиет пен өнерге қатысты жазылған еңбектерін ғылыми-зерттеу тақырыбы ретінде ұсынып, бұл ұсынысты бірден қабыл алдым.

Екіншіке орай, Қ.Жұбановтың еңбектерінің басты бағыты — тіл білімі, түркітану, лексикология болды, ал әдебиетке қатысты зерттеулерінің сапасы жоғары болғанымен, саны аздау. Қырықтың қырықсына жетпей, солақай саясаттың кесірінен ғұмыры ерте сөнген ғалымның жазары көп еді, бірақ кей еңбектері НКВД құрығына ілігіп, өзгелердің атымен жарияланып кеткені де белгілі. Осыған байланысты фольклор-



тану мен әдебиеттану саласында диссертациялық зерттеуді жазып шықсам да, қорғауға үлгермедім. Өмірінің соңғы күндерінде Есет ағай маған: «Әлия, бұл тақырыпты тастауға тиіс емессің» деп аманаттап кеткен еді. Ағайдың сол сөзі әлі күнге дейін санамда жаңғырып тұрады.

Осы уақытқа дейін «Қ.Жұбанов — фольклор және әдебиет зерттеушісі», «Қ.Жұбанов зерттеулеріндегі әдебиеттану аспектілері» атты еңбектерім жарық көрді. Профессордың 120 жылдығына орай шыққан «Академиялық басылымды» дайындауға да тікелей атсалыстым. 7 ай бойы Қ.Жұбановтың барлық еңбектерін теріп, жинақтың құрылымын жүйелеп, бұрын басылым көрмеген шығармаларын кіргізіп, ғылыми түсініктерді жаздым. Жыл басында «EDP Hub (Идили Хаб), Ай Пи Ар Медиа» баспасынан хабарласып, өз ұсыныстарын айтты. Қазақ тілінде шыққан еңбектерге, оның ішінде профессордың ғылыми зерттеулерін оқуға деген сұраныстың бар екендігін айтқаннан кейін келісіп, «Қ.Жұбановтың ғылыми мұрасы мен қоғамдық-ағартушылық қызметі» (<https://doi.org/10.23682/138885>) ат-

ты монография мен «Жұбановтану» (<https://doi.org/10.23682/138884>) оқу құралын онлайн форматта шығардым, осылайша көпшіліктің оқып-білуіне мүмкіндік тудырдық.

— Қысқа ғұмырында Қ.Жұбанов соңында алтын мұра қалдырып үлгерді. Ол кісіні феномен ретінде қабылдап, сан қырлы талантына сүйсіне бас иеміз. Сізді профессордың қай қыры таңандырады?

— Құдайберген Жұбанов — мен үшін мінсіз тұлға. Ол — феномен. Барлық қырынан жарқыраған мәрмәр тас сияқты, талантына бас иемін. Оның ғалымдығы мен адами болмысын жоғары бағалаймын. Жұмыс үстелімде үнемі Қ.Жұбановтың кітаптары жатады. Рухани құлазыған кезде, еңбектерін қайталап оқимын. Ол туралы жазылған естеліктерді қарап, тебіренемін. Ғылым әлеміндегі, өмірдегі батылдығына қайран қаламын. «Апырмай!» деп іштей таңданатын кездерім көп. Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының қайтыс болғанына 30 жыл толар тұста, таптық әдебиеттің принципне қайшы келіп, «Абай — феодал ақын,

ШЕКСІЗ МҰРАСЫ

БЕТТЕР

ӘЛЕМДІК МӘДЕНИЕТ ПЕН ҒЫЛЫМНЫҢ ОРТАҚ ҚАЗЫНАСЫ БОЛУҒА ЛАЙЫҚ

бай таптың өкілі, оның аты да айтылмауы керек» деген жалаң ұран ұлттың рухани діңіне жалаң қылыш боп төбеден төнген тұста, басын бәйгіге тіккендей, қазақтың өз Абайын өзіне қайтарып, «Абай — қазақ әдебиетінің классигі» атты зерттеуін жазды. «Абайды — классик ақын» деп бағалап және бұл теорияны тұнғыш дәлелдеп шыққан да Қ.Жұбанов.

Білікке өрлеген бәйтеректің өзі қан тамған дар ағашын көзге елестеткендей «Медресе, мешітті өрте, дін — апын» деген зұлматты кезеңде, суфизмнің негізін қалаған діндар ақын Қожа Ахмет Яссауидің туған жері мен шыққан тегінен, жикметтері мен 95-толғауын тегіліп тұрып талдаған Құдайберген Жұбанов — батыл емей, кім батыл?!

1937 жылы қараша айында тұтқындалып, «Жапон елінің тыңшысы» деген жалған жала жабылған Қ.Жұбановты азаптап, тергеуге алған уақыттың өзінде Ұлттық қауіпсіздік комитетінде сақтаулы тұрған құжаттардан келтірілген тарихи деректер бар. Кезінде ел болып «алақайлап» қарсы алған Советтер Одағының енді күнде ешкімнің де кесегесін көгерте алмағандығын анық айтқан Қ.Жұбановтың сөздері шындықтың бетін орып түскендей.

«Я вам сказал, что при советской системе, которая существует теперь, — при Советской системе, и наша культура не может быть национальной, а неизбежно будет руссифицирована. Если мы хотим, чтобы казахский народ не был жертвой социализма, то надо освободить его от этого социализма; а это мы можем добиться только путем создания независимого буржуазно-демократического государства, чего бы нам это не стоило», — деп жауап беру Қ.Жұбановтың халқы үшін лапылдаған отқа түсер батылдығын танытады.

Қ.Жұбановтың бар болмысын адам ретінде қадір тұтамын. Ұлы ғалымның отбасындағы тәрбиесінің өзі қандай тағылымды десеңізші! Зайыбы Раушан Оспанқызының айтуынша «Құдайберген Жұбанов ғылыми еңбектерін жазып отырғанда күй талғамайтын болған. Ас бөлмеде үстел үстінде Раушан анамынан жазып жатса, бір шетінде қамырдаң қозы, құлыншақтың мүсінін жасап, бала-шағасын қоса бағысып отырып, кітап та оқып, мақалаларын да жазып үлгерген. Ресейде оқыған 2-жылында елдегі жарына балалар-

дың барлығын бағу қиын болмасын деп, қызы Мүслиманы қасына ала кетуі, әкелік махаббатына бөлеуінің өзі — ілуде ер адамның барлығында бірдей кездесе қоймайтын қасиет.

Профессордың қай қыры таңдандырады деген сауалға жауап іздесем, мен толғар ойда тоқтап болмауы мүмкін. Санамалап айтар жақсы қасиеттерінің бірлі-екісін ғана айтып өттім.

— Студенттер мен оқушылар арасында конкурс өткізіп жүретін еңбегіңізді жұбановтанушылар қатарын молайтуға бағытталған шынайы ниетіңіз деп түсінеміз. Арасынан ынталы жастар шықты ма?

— Қ.Жұбановтың есімі, оның ғылыми мұрасы мен қоғамдық-ағартушылық қызметін студенттер мен оқушыларға, жалпы жұртшылыққа насихаттауды ешқашан тоқтатқан емеспін. Жұбановтың мерейтойларында жас ұрпаққа арналған түрлі байқаулар ұйымдастырылған кезде студенттерді де қатыстыруға атсалысамын. Байқауларда төрелік еткен күндерім де болды. 2018 жылдың желтоқсан айында университет басшылығының қолдауымен Республикалық «Үздік Жұбановтанушы» шығармашылық байқауын ұйымдастырып, оқушылар мен студенттердің эссе, ғылыми мақалаларын топтастырып, жинақ шығардым.

Біздің факультеттің түлегі Дос Қуат қазір Ақтөбе қаласындағы орыс-қазақ мектебінде мұғалім, оқу-тәрбие ісі жөніндегі мектеп директорының орынбасары. Қуат 10-сыныпта оқып жүргенде «Үздік Жұбановтанушы» байқауына қатысып, жүлделі орындардың бірін иеленген еді. Мектеп бітірген соң, факультетімізде білім алды, дәстүрлі «Жұбанов байқауларына» қатысып, сұқбаттар алып, үздіктер қатарынан көрінді. Оның сұқбаты осы «Zhupanov University» газетінде жарияланған болатын. Қазір өзі мұғалім болып жүріп, байқауға шәкірттерін де қатыстыруда. Бұдан шығатын қорытынды біреу: Құдайберген Жұбанов мұрасын тануға деген ұмтылыс ешқашан тоқтап қалмақ емес.

Филология факультетінің студенттеріне жылма-жыл «Жұбановтану» пәнін жүргіземіз. Дәріс сабақтарында өзіміздің жүрегімізді Құдайберген Жұбанов тұлғасына тәтті болған ой өрісін студенттердің сана-сына жеткізуге тырысамын. Әрбір

сабақтан кейін білім алушылардың «Рақмет, апай!» деп ризашылық танытатын сәттері де аз болмайды. Сол уақытта мақсатымның орындалғанына көзім жеткендей, әлі де айтарымыз аз болмайды деп қанаттанып кетемін.

— Қ.Жұбанов туралы монография жазып шықтыңыз. Мазмұнын кеңірек таныстыра отырсаңыз.

— Қ.Жұбановтың 125 жылдық мерейлі датасына құр қол келген жоқпыз. «Қ. Жұбанов: тұлға және уақыт. Фотожурнал» атты көлемді еңбегіміз жарыққа шыққалы отыр. Бұл кітап — бұған дейінгі еңбектерге қарағанда айрықша болып шықпақ. Қ.Жұбановтың өмірі мен қоғамдық-ағартушылық қызметіне, ғылыми мұрасына қатысты фотомұрағаттарды сөйлету туралы ой, 2020 жылға аяқ басқан кезде сынамаалап санама енген еді. Сол кітаптың жарыққа шығар сәті енді келді.

Сындарлы сәтті пайдалана отырып, уақыт тоқтата алар құдырет — Қ.Жұбановтың суреттерін сөйлетуге мүмкіндік берген, ойға алған мақсатымын жүзеге асыуына қолдау танытқан Қарабасова Лаура Чапайқызы бастаған университет басшыларына алғысымды білдіргім келеді!

Кітаптың логикалық құрылымын жүйелеуде де, тақырыптары мен тарауларын негіздеуде де — Қ.Жұбановтың өз еңбектері көмекке келді. Толығырақ айтсам, профессордың ғылыми стилінің ізіне салдық десек те болады. «Мұра-хаттар. Түркі әдебиеттер тілінің танымы» атты ғылыми очеркте алдымен Қожа Ахмет Яссауи — кім, туған жері мен ата-тегі, ең мықты туындысы қандай, оның тақырыптық-мазмұндық құрылымы мен тілі қандай деген сауалдарға жауап беріп отырғандай жүйелейді.

Біздер де кітаптың ғылыми құрылымын негіздеген уақытта Құдайберген Жұбановтың туған жері, шежіресі, өскен ортасы, ата-анасы, бауырлары, алғашқы білім алған медресе-мектептері, елде қызмет жасаған кезеңі, Ресейде оқыған жылдары, жоғары оқу орнында оқытушылығымен қоса, түрлі мемлекеттік қызметтерді белсене атқарған кезеңдері мен өмірінің соңғы күндеріне дейінгі сәттерін мұрағатта, отбасында сақталған фотосуреттері арқылы сөйлеттік, түсінік бердік. Профессордың көзі тірісінде және ақталған-

нан кейін жариялаған ғылыми еңбектерін суретпен жүйелеп, ғылым мен білімнің түпсіз терең мұхитына айналған Қ.Жұбановтың отбасы мен ұрпағы туралы толғандық һәм таңдандық! Халыққа қызмет етіп жүрген талантты ұрпақты ұлықтадық.

Жұбанов университеті мен Қ.Жұбанов есімінің сабақтастығын өрелейтін сүйікті оқу ордамыздың жетістіктерін кітабымызға енгіздік. Жұбановтар елінің бүгінгі келбетін де осы кітаптан таба аласыз. Еңбектің соңында Қ.Жұбановтың өскелең ұрпаққа айтып кеткен ұлағатты сөздері мен феномендік қырына баға берген ел мықтыларының пікірлерін біздің кітабымыздан оқисыз.

— Ұзақ жылдар бойы зерттеп келе жатқан Құдайберген Жұбанов сізге ғылымдағы ұстазыңыздай болып кеткен шығар деп ойлаймыз. Сондықтан ғалымның туғанына 125 жыл толу іс-шарасы сіз үшін де өте маңызды ғой.

— Құдайберген Жұбановтың көзін көрмесем де, оны көргендей әсер бойымды билейді. «Әкемнің мұрасына көздің қарашыңдай қарап, елге насихаттаудан жалықпа, бұл тақырыпты тастама» деген Есет ағайдың аманаты күн сайын жадымда жаңғырып тұрады. Менің басты қағидам — Жұбанов еңбектерін тек мерейтой тұсында ғана қарастырып қоймай, оны өмірлік шежіреге айналдыру.

Ақтөбе өңірі бойынша Қ.Жұбановқа қатысты зерттеу жүргізгендер маған хабарласып, түрлі сауалдарын қойып жатады, арасында бейтаныс адамдар да бар. Ізденіп, сұрақтарына жауап беремін. Алдағы уақытта Құдайберген Жұбановтың еңбектерін цифрландыруды қолға алуды жоспарлап отырмын. Қазіргі кезде өзіміздің веб-сайтымды жасап жатырмын, оның бір бағыты — Қ.Жұбановқа қатысты цифрлық еңімдерді орналастыру. Студенттерге де ғалым еңбектерін цифрландыруға байланысты тапсырмалар беріп, түрлі платформаларда жұмыс істеу жолдарын видеомен түсіндіріп көрсетемін. Білім алушылардың жұмыстары да нәтижесіз емес.

Қ.Жұбановтың ғылыми еңбектерінің құндылығын дүйім қазақ біледі ғой. 130 жылдық мерейтойына дейін әлемдік деңгейге жеткізу, академиялық басылымды ағылшын, неміс, түрік, т.б. тілдеріне аударсақ деген арман да қылаң береді. Зерттеу еңбектерінде қаншама елдің ең мықты тұлғалары туралы өз заманы үшін тың мәліметті берді, атын атағандардың барлығының еңбектеріне сілтеме жасады. Қазіргі ғылымның басты бағыты — шетелдік басылымдарда мақалалар жариялау, Scopus және Хирш индексі бойынша көрсеткіштерді жақсарту болып табылады емес пе? Осы ізденістің басын — Құдайберген Жұбанов еңбектерінен көргендей боламын. Өйткені ол — ғасырынан озып тұрған феномен ғой. Жұбановтар туралы айтарым да, жазарым да — бүгінгі күнмен таусылмақ емес. Оған көзім анық жетеді.

Құдайберген Жұбановтың ғылыми мұрасы — тек қазақ халқының ғана емес, әлемдік мәдениет пен ғылымның ортақ қазынасы болуға лайық. Оның еңбектерін жаһандық деңгейде насихаттап, көп тілді академиялық аудармалар арқылы ғылыми айналымға енгізсек, ұлттың рухани байлығын одан әрі дамытып, ұрпаққа асыл мұра қалдырамыз анық.

Гүлнара Қараша

✓ Descendants of Kudaibergen Zhubanov

Құдайберген Жұбановтың ш

АРНАЙЫ БЕТТЕР

Тіл ғылымының тұңғыш профессоры

Мен бұл мақаламда Ахмет Байтұрсынұлынан кейінгі қазақ тіл білімінің көрнекті ғалымдарының бірі — әкем — Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың тағдыры мен тағылымы туралы қысқаша баяндау мақсатында қолыма қалам алып отырмын. Қазақ кеңес тіл білімінің пайда болуы мен қалыптасуын сөз ете отырып, біз отандық ғылымның дамуына жанын салған жандарды үлкен құрметпен еске аламыз. Осындай жандардың бірі 20-шы және 30-шы жылдары қазақ филологиясы бойынша жемісті еңбек еткен қазақ кеңес лингвистикасының негізін қалаушылардың бірі саналатын профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбанов екендігін мақтанышпен айта аламын. Әкемнің қазақ филологиясы ғылымының тарихында «профессор» атағын алған алғашқы ғалым болғанын зиялы қауым жақсы біледі. Оның әділетсіздік пен қатал тағдырдың құрбаны болғаны да баршаға мәлім. Қ.Жұбановтың бастапқы кезде алған білімі оның тілші-ғалым болып қалыптасуына негіз болғанын айта кетуіміз керек. Өйткені, ол осы жылдары араб және парсы, сондай-ақ орыс тілі сияқты құрылымы өзге тілдерді меңгереді. Он сөгіз жасында-ақ Қ.Жұбанов түркі, араб және парсы тілдерінде сөйлеу, сондай-ақ жазба тілдерін меңгеріп шығады. Бала кезінен әдебиетке қызығып, кейбір шығыс тілдерін білгендіктен, көптеген араб-парсы әдебиетін, атап айтқанда, Фирдоусидің «Шахнамасын», Сағдидің «Гүлшанын», Низамидің «Ләйлі мен Мәжнүн»-ін, т.б. классикалық туындылардың түпнұсқасын оқиды. Ақтөбеде қызмет істеп жүргенде Қ.Жұбановты Қазақстанның сол кездегі астанасы Қызылорда қаласына шақырады. Онда ол Халық ағарту комиссариатындағы (Наркомпрос) инспекторлық жұмысқа тұрады. 1929 жылы қаңтар айында ғалымды Ленинградтағы Шығыстың тірі тілдері институтына түркология ілімі бойынша аспирантураға жібереді. Бір жылдан кейін КСРО Ғылым академиясының Яфетидология институтының аспирантурасына ауысады. Ол өз бетінше жалпы тіл білімі және түркітану саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Жаңа латын әліпбиіне өтуге арналған іс-шараларға белсене араласады, 1929 жылы маусым айында қазақ орфографиясының негізгі қағидаттарын әзірлеу мәселесіне қатысты Қызылорда қаласында шақырылған ғылыми-орфографиялық конференцияда сөз сөйлейді. 1930 жылы Алматы қаласында өткен Қазақстанның Бірінші өңіртану құрылтайында арнайы баяндама жасайды. Бұл баяндамасы оның бірнеше түркі тілін салыстыра зерттеген тиянақты ғылыми ізденіс-

терінің нәтижесі ретінде көрінді. Құдайберген Жұбанов түркі және басқа тілдердің білгірі ғана емес, қабілеті ерекше публицист те болған. «Күй» атты тамаша туындысы тақырыбының сонылығымен және деректік материалдардың молдығымен ерекшеленеді. Осы жұмысты филологтарға ғана емес, Абдул-Хадир Мурағи, Рауф Екта, әл-Фараби, Беляев, Успенский, профессорлар Фитрат, Оганезашвили, т.б. авторлардың музыкатану бағытындағы жекелеген еңбектерін мысалға келтіре отырып, түркі тілдерінің тарихи-лингвистикалық деректерін жүйелеу мен талдау арқылы халық музыкасы жанрларының пайда болу ретін нақтылап, қазақ музыкатанушылары мен өнер тарихшыларына тыңнан жол сілтеді. Көрнекті ғалым қазақ жазба әдебиетінің классигі Абайдың қайтыс болғанына 30 жыл толуына орай ақынның тілі туралы жазылған мақаласы оның еңбектерінің ішіндегі танымдық мәні жағынан қызықты да мазмұнды шығармаларының бірі болып табылады. Бұл мақала қазақ әдебиеттану ғылымына қосылған аса құнды үлес десек, артық айтқандық болмас. Абай өлеңдері құрылысының төлтумалығын, оның халық тілін қолданудағы жаңашылдығы мен шеберлігін алғашқылардың бірі болып дәлелдеді. Жалпы, әлем мәдениетінің, оның ішінде классикалық Шығыс мәдениеті қазынасының тамаша білгірі ретінде профессор осы мақалада Абай Құнанбайұлының қазақ халқы мәдениетінің тарихындағы орны мен мәнін дұрыс анықтау үшін ұлт руханиятына тереңдеп барады. Құдайберген Қуанұлы көрнекті түркітанушы, іргелі зерттеуші ретінде өзінің лайықты бағасын алған тұлға. Ол Ленинград Шығыс содан кейін Яфетидология институтының (кейіннен КСРО ҒА Тіл білімі институты) аспиранты бола жүріп, зерделі зерттеуші, кең ауқымды тілші-ғалым ретінде танылды. Дарыны мен қабілеті өзі бірнеше жыл Қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі болып қызмет еткен Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында сабақ берген жылдарында ерекше айқын көрінеді.

Ол көне түркі жазулары тілін мүлтіксіз меңгеріп, тыңдаушыларды руна (Орхон-Енисей) жазулары мәселелері, оларды лексика-грамматикалық, фонетикалық ерекшеліктері туралы білім нәрімен сусындатты.

Өзінің педагогикалық қызметін қазақ және басқа да түркі тілдерінің ғылыми мәселелерімен шебер ұштастыра білді. Ғалымның қаламынан туған ғылыми еңбектер қазіргі уақытта дәл өзектілігін жоғалтқан жоқ. Көмекші және күрделі етістіктерге арналған жұмысы авторды ана тілінің лексика-грамматикалық жа-


ратылысының білгірі ретінде тануға мүмкіндік береді. Аталған еңбегі тіл тарихшыларын сөйлем мүшелері мәселелерін зерттеумен ғана емес, бірнеше түркі тілдерінің грамматикалық және лексикалық формаларының этимологиясын анықтаумен қызықтырды. Бұл еңбек түркі тілдері деректерін зерттеуде салыстырмалы-тарихи әдісті қолданудың тиімділігін көрсетті. Тілші ғалымның қаламынан туған қазақ орта мектептерінің 5-6-сыныптарына арналған алғашқы оқулықтардың бірі саналатын «Қазақ тілінің грамматикасын» (1936 жыл) ерекше атап өтуіміз керек. Аталмыш оқулықта автор қазақ тілінің сөз құрамының негізгі мәселелері мен фонетикалық құбылыстарын бір жүйеге салып берді. Бұл грамматика орта мектептерге арналған қазақ тілі оқулықтарын жазуда үлгі саналады. Ғалым қазақ фонемаларының сандық және сапалық құрамы туралы да жүйелі ізденістер жасаған. Ол өз зерттеулерінде «буындардың кірігуі мен алмасуы» (слияние и смещение слогов), екпін, әсіресе, үндестік заңдары сияқты көптеген фонетикалық құбылыстар сөз бөліктерінің өзара мықты байланысуына қызмет етеді», деген ғылыми тұжырымын ұсынған. Ғалым әліпби, орфография және қолданбалы тіл білімінің басқа да салаларына арналған кейінгі еңбектерін қазақ фонологиясының ережелеріне негіздегені және бар. Қ.Жұбанов 1936 жылы «Қазақ тілінің грамматикасымен» қатар орта мектептердің 5-7-сыныптарына арналған қазақ тілі бағдарламасын дайындады. Бұл бағдарлама қазақ тілінің ғылыми зерттеу пәніне айналғандығын дәйектейтін алғашқы зерделі зерттеулердің бірі болып табылады. Онда ғалым құрмалас сөйлем синтаксисіне қатысты көзқарастарын айқын көрсеткен. Алда айтқан бағдарлама оқытушы жұртшылығынан жоғары баға алған екен. Белгілі кеңес түркітанушысы С.Малов та жоғары бағалаған. Бұған оқымыстының «проект профессора Х.Жұбанова чрезвычайно научный, принципиально выдержанный», — деп атап өтуі мысал болады. Қазақ тілі мен мектептері тарихында лайықты орыны бар ғалым жеке басқа табы-

нушылық кезеңінде сынға ұшырайды. «Қазақ тілі грамматикасы» оқулығын әділетсіз қаралап, грамматикалық ережелерден «зиянкестік» пиғыл іздеген мақалалар пайда болды. Профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың есімі өз кезінде қазақ зиялы қауымының, әсіресе, білім беру-ағарту саласы қызметкерлерінің арасында танымал болды. Оны академиктер И.И.Мещанинов, А.Н.Самойлович, В.В.Бартольд, С.Е.Малов, К.К.Юдахин, А.К.Боровков және басқалар тамаша лингвист-ғалым ретінде танып, еңбектерін жоғары бағалағанын жоғарыда да айттық.

Ғылыми-педагогикалық қызметімен қатар Қ.Жұбанов қоғамдық өмірге де белсене араласып отырған. Фирдоуси, Абай сияқты ұлы тұлғаларға арналған ғылыми конференциялар ұйымдастыруда бастама көтеріп, алқалы жиында мазмұнды баяндамалар жасаған. 1935 жылы ол Қазақстандағы мәдениет қызметкерлері құрылтайының ұйымдастыру комитетінің төрағасы болған. Содан кейін XVI Бүкілресейлік кеңестер құрылтайына Қазақстан атынан делегат етіп сайланған. Бұл жылдары қазақ арасынан шыққан кәсіби тілші ғалымдар өте аз болғаны белгілі. Олардың барлығы дерлік (өз қызметтерін енді ғана бастап келе жатқан ең жас зерттеушілерді қоспағанда) репрессия құрбанына айналды. Соның салдарынан қазақ тіл білімін қайта жандандыру кезеңінде кәсіби тілші ғалымдардан ешкім қалмаған еді. Сталиндік жазалаушы мәшине аяусызлық білдірген жоқ, әрі мүлтіксіз жұмыс істеді. Шығармашылық күші мен қуаты толысқан, дарыны пісіп жетілген ғалым, зерттеуші, 38 жастағы әкем — профессор Құдайберген Жұбанов та «ұлтшыл» ретінде айыпталды. 1936 жылы жарық көрген қазақ орта мектептеріне арналған төлтума грамматика осы айыптауға негіз болды. Оның оқулығында 1937 жылдың басында кенеттен «халық жауы» атанған С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров сынды ақын-жазушылардың шығармаларынан мысалдар келтірілген болатын. Қазақ тілінің орфографиялық нормасын қалыптастыру мәселесінде Қ.Жұба-

Нексіз мұрасы

Құдайберген Жұбановтың ұрпақтары



Назым Жұбанова
Музыкант,
Солтүстік Кипр

Мен, Жұбанова Назым Асқарқызы, қазақтың тұңғыш филолог-профессоры Құдайберген Жұбановтың немересімін. Біз отбасымызбен Солтүстік Кипрде тұрамыз.

Әкем Асқар Жұбанов, профессор, филология ғылымдарының докторы, 1963 жылдан ЭВМ-нен бастап, қолданбалы тіл білімінің көшбасшысы болды, қазақ корпусының негізін қалаушы, қазіргі цифрлық заманның нағыз білгірі еді.

Өзім Ахмет Жұбанов атындағы Музыка мектебін бітіргенмін. Менің балаларым да ұлы атасы сияқты бірнеше тіл білсе, ғылым жолын қуса деймін.

Мен, Ильяс Қайсарұлы Жұбанов, Есет Құдайбергенұлы Жұбановтың немересімін.

Биыл Құдайберген Жұбановтың туғанына 125 жыл толуын атап өтудеміз. Шөбересі ретінде бұл іс-шараларды көргенде бойымды мақтаныш пен үлкен атама деген ризашылық сезімі бөлейді.

Құдайберген Жұбанов ғылым мен мәдениетке өлшеусіз үлес қосқан көрнекті ғалым. Оның тіл білімі саласындағы зерттеулері мен қазақ тілін дамытуға қосқан үлесі баға жетпес.

Менің ойымша Құдайберген Жұбанов тарихи ғана тұлға емес, ол бір адамның еңбекқорлығы мен білімі арқылы бүкіл елге және болашақ ұрпаққа әсер ете алуының жарқын дәлелі.

Біздің отбасымызда еңбекқорлық пен табандылық әрдайым басты орынға ие. Ол ұлы атамның бізге қалдырған өсиеті.

Құдайберген Жұбановтың мұрасы, көзқарасы мені үлкен жетістіктерге ұмтылуға жігерлендіреді. Сол үшін атамды еске алып, құрметтеп, оған деген терең ризашылықпен алғысымды білдіремін!

Мен, Қызғалдақ Құдайбергенқызы Жұбанованың жиені Данияр Әли боламын. Германияда, Бонн қаласында тұрамын. Спорт бизнесі индустриясында жұмыс істеймін. Ұлы атамның асыл мұрасын жүрегімізде сақтап, оның ұрпақтары әлемнің әр бұрышында рухын жалғастыруда. Біз тегімізді, ата бабаларымызды мақтан тұтамыз.

Ұлттың ұлы перзентінің есімін иеленген қасиетті білім шаңырағы — Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің абыройы асқақтап, білімнің шамшырағы болып, мәңгілік жарқырай берсін!

Материал Zhubanov University Филология факультетінің қатысуымен әзірленді.
Декан Б.Б.Ертлеуова.
Жалғасы келесі санда.

Арнайы беттерді Г.Дауылбайқызы дайындады.



Ильяс Жұбанов
Инженер-энергетик
Алматы қаласы



Данияр Әли
Халықаралық Паралимпиада комитетінің Маркетинг, коммерция және бродкастинг бөлімінің қызметкері
Бонн қаласы, Германия

нов Ахмет Байтұрсынұлы принциптерін қолдады. Осы және басқа да жағдайлар Құдайберген Қуанұлы «ұлтшыл-фашист» ретінде айыптауға «айғақ» болды. Ғалымның темір тордың ар жағындағы өмірінің соңғы күндеріне қатысты кейбір деректерде Қ.Жұбановтың табандылығы мен алған бетінен қайтпайтындығы айқын көрінеді. Оны Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (ҰҚК) мұрағатында сақтаулы «РСФСР ҚК 58-бабының 2, 8, 9 және 11-тармақтарына сәйкес айыптау бойынша №11020 істе» келтірілген мәліметтерден аңғаруға болады. Онда «1937 ж. 19 қарашада басталған» және «1937 ж. 23 желтоқсанда аяқталды» деп көрсетілген «№9555387 мұрағаттық-тергеу ісі» бар. Онда әкемнің ұлты үшін ешнәрседен тайынбайтынын, ақиқат жолына басын тігетіні тайға таңба басқандай дәл айтылған. Бәрін бір мақаланың аясына сыйғызу мүмкін емес деп білемін. Ғалым қаза болғаннан кейін Қ.Жұбановтың отбасында зайыбы Раушан мен оның алты баласы (үлкені бар-жоғы 12 жаста, ең кішісі — мен 3 айлық шақалақ екенмін) қалды. Шүкір, бәріміз де кейіннен жоғары білім алдық, ал өзім филология саласында әкемнің ісін жалғастырып, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында қазақ тілінің жаңа салалары — математикалық, компьютерлік және корпуслық лингвистикалар бойынша кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғадым. Қазір қазақ тілінің қолданбалы саласы бойынша бөлім меңгерушісі және зерттеу тақырыптарының ғылыми жетекшісі ретінде қызмет атқарып келемін. Осы саланың профессорымын. Қазақ лингвистикасының негізін салушылардың бірі, көрнекті түркітанушы-ғалым, әкем — Құдайберген Жұбановтың есімі 1957 жылға дейін қазақ халқының жадынан өшіріліп тасталған еді. Ұшқыр ойлы, гуманитарлық пәндер саласында шынайы энциклопедиялық білімді біртуар оқымыстыдан мезгілсіз айырылу 30-жылдары әлі қалыптасып үлгермеген қазақ тіл ғылымының даму үдерісіне айтарлықтай әсер етті. Қазіргі кезде Жұбанов үрдісі ғылымда жалғасын табуда. Әкемнің ғылыми еңбектері 3-ші рет қайта басылып, жарыққа шығып жатыр. Республикамыздың ірі ғылыми мекемелері мен жоғары оқу орындарында 115 жылдық мерейтойы өткен жылы аталып, қазақ филология ғылымдарының тарихында алғаш профессор атағы берілген ғалымға арналған ғылыми-теориялық конференциялар өткізілді. Ақтөбе қаласындағы мемлекеттік университетке Құдайберген Жұбанов есімі беріліп, ескерткіш орнатылды. Білім ордасының алдындағы көше ағайынды профессорлар Құдайберген мен інісі академик Ахметтің — «Ағайынды Жұбановтар» атымен аталды.

Асқар ЖҰБАНОВ,
А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының бас
ғылыми қызметкері, филология
ғылымдарының докторы, про-
фессор

26 Ақпан, 2015

<https://egemen.kz>

(Ескертпе. Асқар Құдайбергенұлы Жұбанов 2020 жылдың маусым айында дүниеден озды.)

☑ Republic Day

Республика күні — Мемлекеттік мереке

Zhubanov University Мемлекеттік мереке — Республика күнін тойлады. Мемлекеттік концертте Қазақстан мемлекетінің өткені мен бүгіні түрлі театралды қойылым, ән-би, күй шығармалары арқылы дәріптелді. Университеттің оқытушы-профессор құрамы мен қызметкерлерінің бір қатары ел дамуында жетекші роль атқаратын білім беру саласында атқарған ерен еңбектері үшін түрлі марапатқа ие болды.

Егеменді Қазақстан тарихының бастауына 34 жыл толды.

1990 жылы қазан айының 25-і күні Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «Қаз КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды. Сол сәттен бастап Егеменді Қазақстан өзіндік көзқарасы бар жеке мемлекет ретін-

де таныла бастады. Қабылданған декларация Қазақстанның болашақ тәуелсіздігінің іргетасы саналды. Бұл декларацияның қабылдануымен егемендігін мәлім ететін жеке территориясы, азаматтығы, мемлекеттік бюджеті, халықаралық қатынастардағы дербестігі, мемлекеттік рәміздері бекітілді. Қазақстан-



ның егемендігі және территориясының тұтастығы саяси, құқықтық және экономикалық тұрғыдан дәйектелді. Осы кезден бастап демократиялық қоғам құру мақсатында ел ішіндегі қоғамдық-саяси құрылымға біраз өзгерістер енгізіле бастады. Бұл акт арқылы «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» №267 заң бойынша бұл күн мемлекеттік мерекелер қатарына қосылды.

Мемлекеттік іс-шарада университеттің бір топ оқытушы ғалымдары мен қызметкерлері жоғары білім беру жүйесін дамытуда жасап жатқан еселі еңбектері үшін Ақте-

бе облысы әкімі Асхат Шахаровтың Алғыс хатымен және бір тобы мемлекетіміздің игілігі жолында атқарып жатқан ерен еңбектері үшін «AMANAT» партиясы Ақтөбе облыстық филиалының төрағасы Ербол Данағұловтың Алғыс хатымен марапатталды.

Ал филология факультеті, «Орыс филологиясы және мәдениетаралық коммуникация» кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты Карашулакова Мадина Жумағалиевна гуманитарлық салаға сіңірген еңбегі үшін «Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгісімен марапатталды.



Басты жаңалықтар

Главные новости

Main news

ҚУДАЙБЕРГЕН ЖҰБАНОВҚА АРНАЛҒАН ЭКСЛИБРИС

Мәдениеттану ғылымдарының кандидаты, профессор, ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, қазақтың танымал экслибрисі Марзия Жақсығаринаның шәкірті Балжан Артығалиева салған Құдайберген Жұбанов образы бейнеленген сюжетті экслибрисі үшін Мәскеуде өткен халықаралық Жас экслибристердің Бүкілресейлік конкурсы — 2024 лауреаты атанды.



Биыл тіл білімі саласындағы тұңғыш профессор Құдайберген Жұбановтың туғанына 125

жыл толады. Осыған орай Марзия Жақсығарина студенттерімен көп еңбектеніп, нәтижелерге жетуде. Осыған дейін профессор айтулы датаға байланысты экслибрис көрмесін ұйымдастырған болатын. Көрмеге 200-ге жуық туынды қойылды. Туындыларда Құдайберген Жұбановтың өмірі, бейнесі және кітаптары бейнеленді. Сондай-ақ тұғырлы тұлғаның қолы жетпеген армандары да образды жеткізілген еді.

Аталмыш конкурста Марзия Жақсығаринаның тағы 5 шәкірті жүлде алды. Оның ішінде Софья Андреева жүлделі 2-ші орынға ие болды. Студентер Zhupanov University "Графикалық дизайн" мамандығында оқиды.

Жалпы конкурста 74 жұмыс қатысқан.

ЭКСЛИБРИС В ЧЕСТЬ КУДАЙБЕРГЕНА ЖУБАНОВА

Ученица известного казахского экслибриста, кандидата культурологических наук, профессора, члена Союза художников РК Марзии Жақсығариной Балжан Артығалиева стала лауреатом Всероссийского конкурса молодых экслибристов — 2024 международного уровня в Москве за экслибрис с изображением Кудайбергенова Жұбанова.

В этом году исполняется 125 лет со дня рождения первого профессора языкознания Кудайбергенова Жұбанова. В этой связи Марзия Жақсығарина проводит большую работу со своими учениками и добивается результатов. Ранее профессор организовала выставку экслибриса в связи с знаменательной датой. На ней представлено около 200 работ. В произведениях отражены жизнь, образ и книги Кудайберге-

на Жұбанова. Также были представлены не достигнутые мечты высокой личности.

Еще 5 учеников Марзии Жақсығариной получили призы в конкурсе. Из них Софья Андреева заняла II-е место. Студенты обучаются по специальности «Графический дизайн» в Zhupanov University.

Всего в конкурсе приняли участие 74 работы.

EX-LIBRIS IN HONOR OF KUDAIBERGEN ZHUBANOV

A student of the famous Kazakh ex-librarian, Candidate of cultural Sciences, professor, member of the Union of Artists of the Republic of Kazakhstan Marzia Zhaksygarina Balzhan Artygalieva became the winner of the All-Russian competition of young ex-librarians of international level in Moscow for an ex-libris with the image of Kudaibergen Zhubanov.

This year marks the 125th anniversary of the birth of the first professor of linguistics Kudaibergen Zhubanov. In this regard, Marzia Zhaksygarina does a lot of work with her students and achieves results. Earlier, the professor organized an exhibition of the book in connection with the significant date. It presents about 200 works. The works reflect the life, image and books of Kudaibergen Zhubanov. The unrealized dreams of a high personality were also presented.

5 more students of Marzia Zhaksygarina received prizes in the competition. Of these, Sofya Andreeva took the second place. Students study in the specialty "Graphic Design" at Zhupanov University.

A total of 74 works took part in the competition.

МАГИСТРАНТТЫҢ ҮЗДІК НӘТИЖЕСІ

ҚР Ғылым және жоғары білім беру министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті және BMG UpSkill компаниясы бірлесе отырып, «Coursera» платформасында білім алушылардың үлгерімін талдау қорытындысы бойынша жазғы маусымда жоғары нәтиже көрсеткен 15 білім алушыны «ConnectEd 2024: Innovate.Educate.Elevate» конференциясында марапаттады.

Марапатталушылар қатарында Жұбанов университетінің «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» білім бағдарламасының 2 курс магистранты Маралбек Саматов бар, — деп жазды Zhupanov University Баспасөз қызметі.

Магистрант Маралбек Саматов техникалық қамтамасыз ету негіздері, Python көмегімен деректерді шығару, өңдеу және визуализациялау, жасанды интеллект (AI), нейрондық желілер, терең оқыту, киберқауіптер, шабуыл векторлары және тағы да басқа, барлығы 12 курсты жоғары деңгейде сәтті аяқтап, сертификат иеленді.

«Coursera платформасы менің ғылыми-зерттеу саламадағы мықты мамандармен және кәсіби сарапшылармен пайдалы байланыс орнатуға мүмкіндік берді. Курстарда алған білімім негізгі тақырыптар туралы түсінігімді тереңдетуге, сонымен қатар магистрлік диссертацияма қатысты мәселелерді терең зерттеуге үлкен септігін тигізді. Оқытудың форматы өте тиімді. Маңызды дағдыларды меңгеруде әлемдік деңгейдегі озық білім беру платформасын тегін пайдалану — бұл біздерге берілген үлкен мүмкіндік», — дейді үздік магистрант.

ЛУЧШИЙ РЕЗУЛЬТАТ МАГИСТРАНТА

Совместно с Комитетом высшего и послевузовского образования Министерства науки и высшего образования РК и компанией BMG UpSkill, по итогам анализа успеваемости обучающихся на плат-



форме «Coursera», 15 обучающихся, показавших высокие результаты в летний сезон, были награждены дипломами на конференции «ConnectEd 2024: Innovate. Educate. Elevate».

В числе награжденных магистрант 2 курса образовательной программы «Вычислительная техника и программное обеспечение» университета Жұбанова Маралбек Саматов, — сообщила пресс-служба Zhupanov University.

Магистрант Маралбек Саматов успешно прошел 12 курсов по основам технического обеспечения, извлечению, обработке и визуализации данных с помощью Python, искусственному интеллекту (ИИ), нейронным сетям и глубокому обучению, киберугрозам и векторам атак и получил сертификат.

«Платформа Coursera позволила мне установить полезные связи с сильными специалистами

и профессиональными экспертами в области научных исследований. Знания, полученные на курсах, помогли мне улучшить понимание основных тем, а также углубить изучение вопросов, связанных с моей магистерской диссертацией. Формат обучения очень эффективен. Бесплатное использование передовой образовательной платформы мирового уровня для приобретения важных навыков — это огромная возможность для нас», — рассказал Маралбек.

THE BEST RESULT OF A MASTER'S STUDENT

Together with the Committee of Higher and Postgraduate Education of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan and BMG UpSkill, based on the results of the analysis of students' academic performance on the Coursera platform, 15 students who showed high results in the summer season were awarded diplomas at the ConnectEd 2024: Innovate conference. Educate. Elevate».

Maralbek Samatov, a 2nd-year undergraduate student of the educational program "Computer Engineering and Software" of Zhupanov University, was among the awarded, the press service of Zhupanov University reported.

Undergraduate student Maralbek Samatov successfully completed 12 courses on the basics of technical support, data extraction, processing and visualization using Python, artificial intelligence (AI), neural networks and deep learning, cyber threats and attack vectors and received a certificate.

"The Coursera platform has allowed me to establish useful connections with strong specialists and professional experts in the field of scientific research. The knowledge gained during the courses helped me to improve my understanding of the main topics, as well as to deepen the study of issues related to my master's thesis. The training format is very effective. The free use of an advanced world-class educational platform to acquire important skills is a huge opportunity for us," Maralbek said.

✓ His life is an example

Мақсат Құсайынұлы 1936 жылы 14 сәуірде Орал облысы, Казталовка ауданы, Ұмтыл (Қараоба) ауылында дүниеге келген. Ол 1954 жылы Казталовкадағы орта мектепті бітіріп, Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне түсіп, 1959 жылы университетті бітіргеннен кейін, жолдамамен Орынбор облысы Ақбұлақ аудандық қазақ орта мектебіне барып, оқу ісінің меңгерушісі болып қызмет атқарды. 1963 жылы Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Тамды орыс-қазақ орта мектебіне директор болып тағайындалды. Тамды совхозында қызмет еткен жылдарында оқушылар бригадасын ұйымдастырды. 1965 жылы Новоресей аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды. Аудандағы мектептерді ірілендіру, оларды жаңа бағытқа салу, кадрларды озат тәжірибемен қаруландыру мақсатында елеулі еңбек сіңірді. 1976 жылы Ақтөбе қаласына көліп, №20 орыс мектебінің директоры болып орналасты. 1979 жылы Ақтөбе облыстық мектеп-интернатының директоры болып тағайындалды. Өмірінің соңына дейін осы мектепте басшылық қызмет атқарды. Шалғайдағы мал-



шылар мен ауыл еңбеккерлерінің балаларына арналған мектеп-интернатты Ақтөбе облыстық дарынды балалар мектеп-интернаты болып статусын өзгертуіне өлшеусіз үлес қосты.

Үздіксіз ізденістер мен жаңашыл бастамалардың нәтижесінде 1991 жылы республикада алғаш болып Мақсат Құсайынұлы

дарынды балаларды саралап оқытудың тұжырымдамасын қорғап, тәжірибеге енгізді.

Мақсат Құсайынұлы педагогика саласындағы жетістіктері үшін «Білім беру саласының озаты», «ҚР Халыққа білім беру саласына еңбегі сіңген қызметкері» атақтарына ие болды.

1997 жылы 20 маусымдағы Ақтөбе қалалық маслихатының он жетінші сессиясының №202 шешіміне сәйкес Ақтөбе облыстық дарынды балалар мектеп-интернатына Құсайынов Мақсат Құсайынұлының есімі берілді.

Өмірі мен қызметі ұрпаққа үлгі жанның қызы Ардақ Құсайыновамен телефон арқылы тілдесіп, әкесі жайлы естеліктерімен бөлісуін өтінген едік. Ардақ Мақсатқызы химия ғылымдарының кандидаты, қазір Жапония елінде, Окинава қаласында орналасқан Ғылым және технология институтында (Okinawa Institute of Science and Technology) қызмет жасайды. Ғылыми қызығушылық бағыттары: химия және қатты денелер физикасы, кристалды химия.

Әке жайлы сыр-сұқбатты жүргізген журналист
Гүлнара Қараша

Ардақ Құсайынова:

ЖАНЫ ӘРДАЙЫМ ЖАҢАЛЫҚҚА ҰМТЫЛДЫ

— Ардақ Мақсатқызы, туған жеріңіз Ақтөбе қаласынан ыстық сәлем жолдаймыз! Қал-жағдайыңыз қалай?

— Саламатсыз ба, алдымен менің әкем Мақсат Құсайынұлы туралы оқырмандарыңызға ой бөлісу мүмкіндігін беріп отырғаныңыз үшін сізге көп рақмет айтамын.

— Қазан айының басында елімізде Ұстаздар күні мерекесі тойланады. Осы мерекеде ұлт қазынасына айналған сіздің әкеңіз Мақсат Құсайынұлын еске алатындар көп. Бұл мерекеде сіз де аяулы әкеңіз жайлы ойланып боларсыз? Мерекелерді жақсы көруші ме еді?

— Әкем адамдарды шектен тыс жақсы көрді және қуанғанды жақсы көретін.

— Әкеңіз соңында өшпес із қалдырды. Ел есінде ол тамаша педагог, шебер менеджер ретінде мәңгі орнықты. Сіздің есіңізде әке бейнесі қалай қалды?

— Әкем өте дарынды адам болды, бірақ бәрінен бұрын ол өз отбасын және халқын сүйетін ұл еді. Сол заманда оған ұқсайтындар көп болды. Менің әке-шешем 1936

жылы дүниеге келгендер. Балалық шақтары сұрапыл соғыс жылдарында өтті. Әкелері соғысқа кетті. Ол кезде барлық адамдардың тұрмысы қиын болатын.

Мысалы, әкем мектепке күніне бірнеше шақырым жаяу жүруге мәжбүр болды.

Бұл қиындықтар әкемнің бойында мейірімділік, адамдарға деген сүйіспеншілік, өз ісіне жауапкершілік, әр түрлі өмірлік жағдайларда ұтымды жоспарлау және стандартты емес шешімдерді таба білу сияқты қасиеттерді тәрбиелеуге көмектесті.

Бейнелеп айтсақ, дәл осы көп шақырымдық «марафон» тәжірибесі оған ең алдымен биік шыңға «көтеріліп», КазГУ-ге түсіп, екі факультетті (тарих, филология) тәмамдауға жол ашты, ал кейінгі жылдары шалғай ауылдардан келіп оқитын балаларға арналған мектеп-интернатқа басшылық ету туралы шешім қабылдады.

Әкем қамқор адам болды және басқалардың қайғысын терең түсінетін. Өмірлік сұрақтармен немесе мәселелермен алдына келгендерді әрқашан мұқият тыңдап, жүрегі арқылы өткізетін. Ол көптеген жастарға өмірде өз жолын табуға



көмектесті, бұл туралы анамыз Үміт Жұмашқызы мен әпкем Қорлан Құсайынова дайындаған папам туралы кітапта оның шәкірттері мен достары көп айтып, жазған.

Бір жағдайды келтірейін, өйткені мен бұл композитор Жасарал Еңсеповпен таныс едім, әкем оның жас кезінде қабілетін байқап, мектептің музыкалық ансамблінен құру мақсатымен алғашында интернатқа жұмысқа орналасуға көмектесіп, кейін оған білімін Алматыда жалғастыруға ақыл-кеңес берген.

Мен сізге өз өмірімнен де бір оқиға айтып берейін.

Жаз кезі, Химия факультетін бітіріп, М.В.Ломоносов атындағы МГУ-дің, аспирантурасына түсіп Мәскеуден келгенмін. 91 жылдың

аяғындағы дағдарыс кезі. (Азық-түлік жағынан да, саяси жағынан да қыза түскен). Әкем көлікті жүргізіп көпірге жақындап қалған кезде, жылдамдығын арттырып, бір «әпербақан» тура көпірге көтерілер тұста бізден озып, алдымыздан орағытып кетті. Әкем: «Мына жүргізушінің проблемасы неде деп ойлайсың?» — деді. Қарапайым сұрағына таңданған кейіпте «Жол жүру ережесін бұзды» деп жауап бердім. Сонда әкем маған былай деген еді:

«Бұл жүргізушінің проблемасы — ол өзінің іс-әрекеті арқылы бірінші өзі зардап шегетін апаттық жағдай туғызды. Сондықтан өзің зардап шегетін апаттық жағдай туғызбас үшін өмірде әрдайым ереже сақтау керек.» Алда қиын кезең-



дер күтіп тұрғанын түсініп, әкелік сезіммен өз өмірімде шешім қабылдауға жауапкершілікпен қарауды нақ осы мысал арқылы ескертіп кетті.

Әкемнің жарқын идеялары көп болатын, оларды жүзеге асырмай қоймайтын табандылығы да бар еді.

Мысалы, сол Кеңестік кезеңде мектеп бағдарламасына өзгерістер енгізу қиын болатын. Жаңа пәндерді енгізу арқылы мектеп бағдарламасын өзгерту қажеттілігін түсінген әкем идеясына білім беру саласы басшылары тарапынан қызығушылықтың болмауына тап болды. Солай бола тұра министрліктерге хат жолдау, конференцияларға қатысу, Қазақстаннан және КСРО-ның басқа республикаларындағы әріптестерімен әріптестік қарым-қатынас жасау өз жемісін беріп, мектеп бағдарламасына шахмат, көлік жүргізу және тігін тігу, араб тілі, музыкалық тәрбие беру сабақтарын енгізді.

Ол бір орнында ұзақ дамылдай алмайтын шапшаң қимылды жан болды, жаны әрдайым жаңалыққа ұмтылды, ізгі адамдармен танысуды қалап тұратын.

— **Мақсот Құсайынұлының есімін ардақтайтын шәкірттері өте көп. Қазір оның атындағы**

мектепте жас ұлдар лайықты білім алуда. Мақтаныш қой сіздерге.

— Мен үшін осындай ата-анамның перзенті болғаным үлкен құрмет.

Бүкіл саналы ғұмырын жас ұрпақ тәрбиесіне арнаған әкем жайлы ұзақ жылдарғы жылы естеліктер, менің ойымша, ең маңыздысы.

Бүгінгі және кешегі жас ұрпақтың ортақ бір қасиеті бар — ол өз тәжірибесінің жоқтығы. Менің ойымша, бұл жағдайда әкемнің басты кеңесі былай болар еді, "Ғасырлық ережелер мен дәстүрлерді ұстана отырып, (i) шындықты айтыңыз, (ii) басқалармен бөлісіңіз, (iii) әрбір тәжірибеге қуаныңыз және мақсатқа жеткіңіз келсе, жұмыс жасаңыз"...

— **Сөз соңында Мақсот Құсайынұлының соңында қалған ұрпақтары туралы да, өзіңіз жайлы да айта кетсеңіз.**

— Егер отбасы туралы айтар болсам, ата-анамның біртұтас болғанын бірінші айту керек. Екеуі бір жылда дүниеге келген, екеуі де еліміздің батыс өңірінде туып-өскен, әкем, сол кездегі атауымен жаза берейін, Орал облысы, Қазталов ауданынан, анам Атырау қаласынан. Екеуінің де әкелері соғыста қаза тапқан. Екеуі де мектепті үздік

бітірген. Екеуі де КазГУ-де оқыған. 1-курста танысып, содан жұптары ажырамаған.

Еңбексүйгіштік, қарапайымдылық, адамды сыйлай және алғыс айта білу, мейірімділік, білуге құштарлық — бұл ата-анамыздан дарып, бойымызға сіңген қасиеттер. Бізді олар құрғақ сөзбен емес, жасаған іс-әрекеттерін үлгі ете өсірді. Біз олардың мінез-құлқы мен көзқарасының көшірмесі сияқты едік.

Анамыз бізге бастауыш сыныптан бастап қосымша оқулық кітаптар сатып алатын. Физика бойынша Фейнман дәрістерінің 10 томдығы, Скандинавия математика және физика бойынша есеп шығару тәсілдері жинағы, балаларға арналған Үлкен энциклопедиялардың түр-түрі. «Атақты адамдар өмірі» сериясы. Ал әкеміз тарихқа деген құштарлығынан бізге екінші Дүние-

зығушылығымыз ата-анамыздың бойымызға құйған қасиеті. Есімде, 7-сыныптан бастап мен "Ғылым және адамзат" басылымын сатып алатынымын. Бұл ғылымдағы соңғы жаңалықтар жайлы энциклопедия. Мені ғарыш пен астрономия қатты қызықтырды. Бірқатар кітаптар жапондық автор Комитаның "Кометалар туралы әңгімелері" жинағы мен үлкен әпкем Айсұлу әкелген астрономия туралы энциклопедия әлі есімде.

Бала кезімізден түрлі пәндік Олимпиадаларға (Айсұлу неміс тілінен, мен геология бойынша) қатысып, көп ел араладық. Біз төрт ағайынды қызбыз. Бәріміз де өз саламыздың кәсіби маманы болдық. Қорлан екеуіміз Мәскеу мемлекеттік университетінің Химия факультетін бітірдік, сонда ғылыми диссертациямызды қорғадық.



жүзілік соғыс туралы сирек кітаптарды сатып алып беретін. Үлкен Үштіктің томдары, ондағы Франклин Д.Рузвельт, Уинстон Черчилль, Иосиф Сталиннің өзара алмасқан хаттары. Маршал Жуковтың бүкіл дерлік библиографиясы және т.б. Ол уақытта аталған кітаптарға қол жеткізу екінші бірінің қолынан көлмейтін. Біздің үйдің кітапханасында қазақ ақын-жазушыларының негізгі туындылары сақталған. Кітапқа қы-

мен қазір Жапонияда ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатырмын. Айсұлу Мәскеу Менеджмент институтын тәмамдады. Менеджменттен бөлек қаржы саласының да жетік маманы. Лаура — танымал кардиолог, «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» тәсбелгісінің иегері. Анамыз тоғыз немере, тоғыз шөбере сүйіп отыр. Олардың бәрі анамызды әже деп атайды.



М.Құсайынов атындағы Ақтөбе облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған лицей-интернаты, халық аузында "Құсайынов мектебі" атымен танымал. Орта білім беретін оқу орнының ерекшелігі — ұлттық тәрбиеге айрықша көңіл бөлетіндігінде. Мектеп осы күнге дейін өрен еңбегі ел есінде мәңгілік қалған ардақты ұстаз, осы мектептің негізін қалаған, басқарған, мектептегі оқу ісі мен тәрбие жұмыстарының бағыты мен тұтас бейнесін қалыптастырған Мақсот Құсайынұлының салған ізімен келе жатыр. Мақсот Құсайынұлы жаңа заманның адамын тәрбиелеуді мақсат тұтқан, мақсатына жету жолында ұдайы ізденісте болған, мақсат түбірін ұлттық тәрбиеден тауып, жаңа заман талабына икемдеген, әрбір баланың бойындағы талант пен дарынды ашып, жан-жақты азамат етіп шығаруға күш салған педагог еді.

Мақсот Құсайынұлы білім саласында бүгінгі күні қолға алынып жатқан жаңашылдықтарды сол кезде бастап, мектеп болашағын айқындап кеткен.

Фотолар ашық дереккөзден алынды.

✓ October 24 - Librarian's Day

Бiblioteca является значимым местом для большинства университетов, символизирующим приверженность к получению, передаче, обмену и сохранению знаний.

Конечно, ускорение процессов цифровизации бросило вызов традиционным представлениям о роли и функции библиотек. Ранее ценность университетской библиотеки основывалась на размере, масштабе и обширности книжных коллекций, периодики и других материалов. Сегодня агрегирующие сервисы предоставляют онлайн-доступ ко множеству образовательных ресурсов, где каждый может найти нужную для себя информацию.

Действительно, библиотека уже не просто место, где студентам выдают книги. Современная библиотека университета должна быть центром притяжения молодежи. С 2023 года наш университет активно занимается модернизацией библиотечной сети и выступает ключевым участником проекта «Перспективное развитие библиотек высших учебных заведений на 2022-2025 годы» при поддержке ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі.

В прошлом году нами была проделана работа по модернизации библиотеки, куда вошли ремонт свыше 200 квадратных метров библиотеки, внедрение передовых RFID-технологий, автоматической системы учета посещений, оптимизация библиотечных залов исторического факультета в формате Open Space и открытие информационно-исследовательского хаба имени Амангельды Айталы в главном учебном корпусе.

Также, помимо инноваций, мы не должны забывать о базовых ценностях библиотеки. В связи с этим был увеличен редкий фонд — с 600 до 8 000 книг.

И, самое главное, наши студенты и сотрудники уже стали воспринимать университетскую библиотеку как «третий дом». Это площадка, где они не только читают, но и общаются, могут самовыражаться через различные мероприятия по интересам, играть в настольные и интеллектуальные игры, проводить арт-терапию, pizza-party, coffee-time с приглашенными гостями и многое другое.

И это только начало. Во время летних каникул мы полностью обновили более 1 800 квадратных метров территории библиотек главного корпуса и учебного корпуса №3. В новом учебном году студентам открылись новые, уникальные локации: уютные малые кабинки, традиционный казахский тапчан, конференц-зал, доступ в книгохранилище и еще одна фишка, которую пока держим в секрете.

Мы продолжаем проект по преобразованию библиотеки и



Библиотека — третий дом



Профессиональный праздник библиотекарей отмечается с 2022 года. В настоящее время в стране зарегистрировано около 12 тысяч библиотек различного уровня. Среди них около 4000 библиотек, принадлежащих Министерству культуры и информации. В библиотеках страны работают 9502 библиотекаря.

же способствуют снижению негативного влияния на окружающую среду и формированию экологического сознания среди читателей.

Мы всегда подчеркиваем важность труда библиотечного персонала. И в 2024 году мы увеличили оплату труда сотрудников библиотеки на 45%.

К 2026 году мы создадим библиотеку будущего — пространство, которое объединит единомышленников, станет для студентов и выпускников «третьим домом». Это будет место, где формируются навыки саморазвития и нетворкинга, а также созданы условия для обучения и роста.

Лаура Карабасова
Ректор
Zhubanov University



Наша библиотека сегодня соответствует всем современным стандартам

24 октября в Казахстане отмечается День библиотекаря — праздник людей, которые не просто хранят книги, но и открывают двери к знаниям для каждого из нас. История библиотек насчитывает тысячелетия. Самой древней библиотекой мира считается библиотека ассирийского царя Ашшурбанипала, основанная в VII веке до нашей эры. В древние времена библиотеки были доступны лишь царям и богатым людям, однако сегодня ситуация изменилась кардинально.

Библиотеки, как важнейшие культурные и образовательные учреждения, стали доступны каждому. В нашей библиотеке Актюбинского регионального университета имени Жубанова созданы комфортные условия для всех студентов и преподавателей. Пространства оптимизированы под современный ритм жизни, появились коворкинг-зоны и open space, что делает библиотеку не только местом для чтения, но и для общения и работы. Мы автоматизировали бизнес-процессы, упростили доступ к информации и создали Офис поддержки исследователей. Это важные шаги в обеспечении удобного и эффективного образовательного процесса.

Сегодня каждый студент нашего университета имеет свободный доступ к богатейшим фондам и ресурсам библиотеки, и мы надеемся, что благодарный читатель будет с заботой относиться к труду библиотекарей, чья работа направлена на то, чтобы знания были доступны и сохранены для будущих поколений.

Для меня, было честью быть частью команды и начать этот важный процесс трансформации вместе с коллективом. С июля 2023 года по сентябрь 2024 мы прошли не простой путь изменений, и я горжусь, что наша библиотека сегодня соответствует всем современным стандартам.

Хочу выразить особую благодарность всему коллективу библиотеки АРУ имени Жубанова за вашу усердную работу, терпение и преданность своему делу. Благодаря вашему труду, библиотека стала по-настоящему востребованным и инновационным пространством для всех студентов и преподавателей.

Поздравляем всех библиотекарей Казахстана с профессиональным праздником и благодарим за неоценимый вклад в сохранение и развитие культуры, образования, науки!

Еркин Тастанкулов
Член Правления, Проректор по социальной и воспитательной работе Zhubanov University

✓ Main news

БАСКАР УПАДИАЙДЫҢ СЕМИНАРЫ

АҚШ-тың Миннесота университетінің Салыстырмалы және Халықаралық білім беру/STEM білім беру, Магистратура және докторантура бөлімінің директоры, профессор Баскар Упадияй (Bhaskar Upadhyay, PhD, Professor, Director of Graduate Studies, Minnesota University, USA) Zhubanov University профессор-оқытушылар құрамы және жас ғалымдары үшін «Ethics of Human Subjects Participants in Research Institutional Review Board (IRB)», «Basics of Mixed Methods Research Design» тақырыптарында семинар өткізді.

Бұл жөнінде университет ректоры Лаура Қарабасова шетелдік әріптесі жайында жылы пікірін жеткізді.

— Қатысушылар ғылыми этика ережелері, деректерді жинау және дұрыс сақтау жөнінде білім алып, «Ақпараттандырылған келісім», «Адал зерттеуші болу шарттары», «Зерттеуге қатысушылардың құқықтарын қорғаудың маңызы» тәрізінде құнды мәліметтер алуда.

«500 ғалым» жобасы бойынша ғылыми тағылымдамадан өтіп келген әріптесіміз, PhD Сәуле Садықоваға осы маңызды оқыту шарасын ұйымдастыруға атсалысқаны үшін үлкен алғыс білдіремін.

Осыдан 4 жыл бұрын зертеу жұмысындағы таныстығымыз бүгінде Жубанов және Миннесота университеттері арасындағы ынтымақтастыққа ұласқанына қуаныштымын. Профессор Упадияй шетелге тағылымдамадан өтуге барған оқытушыларымызға үлкен қолдау білдіріп келеді, — деді Лаура Қарабасова.

СЕМИНАР БАСКАРА УПАДИАЙ

Директор отдела сравнительного и международного образования/STEM образования, магистратуры и докторантуры Университета Миннесоты США, профессор Баскар Упадияй (Bhaskar Upadhyay, PhD, Professor, Director of Graduate Studies, Minnesota University, USA) для профессорско-преподавательского состава и молодых ученых Zhubanov University провёл семинар «Ethics of Human Subjects Participants in Research Institutional Review Board (IRB)», «Basics of Mixed Methods Research Design».

Ректор университета Лаура Карбасова высказала теплое мнение об иностранном коллеге.

«Участники получают знания по правилам научной этики, сбору и правильному хранению данных, получают ценные сведения об «информированном согласии»,



«условиях добросовестного исследования», «важности защиты прав участников исследования».

Выражаю огромную благодарность нашему коллеге, PhD Сауле Садыковой, которая прошла научную стажировку по проекту «500 ученых», за участие в организации этого важного обучающего мероприятия.

Я рада, что наше знакомство четырехлетней давности по исследованиям сегодня переросло в сотрудничество между университетами Жубанова и Миннесоты. Профессор Упадияй оказывает огромную поддержку нашим преподавателям, которые выезжают на стажировки за рубеж», — сказала Лаура Карбасова.

BASKARA UPADIAI WORKSHOP

Bhaskar Upadhyay, PhD, Professor, Director of Graduate Studies, Minnesota University, USA for faculty and young scientists Zhubanov University conducts a seminar "Ethics of Human Subjects Participants in Research Institutional Review Board (IRB)", "Basics of Mixed Methods Research Design".

The rector of the university, Laura Karabasova, expressed a warm opinion about her foreign colleague.

"Participants gain knowledge on the rules of scientific ethics, data collection and proper storage, receive valuable information about "informed consent", "conditions of a conscientious researcher", "the importance of protecting the rights of research participants".

I would like to express my deep gratitude to our colleague, PhD Saula Sadykova, who completed a scientific internship under the 500 Scientists project, for participating in the organization of this important training event.

I am glad that our four-year-old acquaintance with research has now grown into a collaboration between the universities of Zhubanov and Minnesota. Professor Upadhyay provides great support to our teachers who go abroad for internships," said Laura Karabasova.

Басты жаңалықтарды әзірлеген
Айерке Сұлтанбекова

✓ Agreat meeling

Zhubanov University Ғылыми кітапханасында британ жоғары оқу орындарында білім алған түлектерді бір алаңға жинаған тамаша іс-шара өтті. Мұндай басқосулар бір-бірімізбен танысып, байланыс орнатуға, тәжірибе алмасуға мол мүмкіндік береді.



Сол жақтан бірінші: Жайық Исаұлы Сұлтан, университет түлегі (2004), Ақтөбе облысының білім басқармасының басшысы, жұбановтанушы, кандидаттық диссертация тақырыбы "Тілтанымдағы антропологиялық парадигманың Қ.Жұбанов мұраларындағы көрінісі"(2007), ғылыми жетекшісі — ф.ғ.д., профессор Е.Қ.Жұбанов. Кейін Brunel University-де (Лондон) "Оқыту мен тәрбиелеудің теориясы мен әдістемесі" мамандығы бойынша оқыған.

Кітапханадағы тамаша кездесу



Кездесу алаңы ретінде Ақтөбенің таңдалуы кездейсоқ емес. Өңірдің интеллектуалды хабы — Zhubanov University нағыз халықаралық білім ордасына, үздік жастардың тартылыс күшіне айналды. Қазір Heriot-Watt кампусында 400-ден астам студент білім алып жатыр. Ақтөбеде 150-ге жуық шетелдік университеттердің түлегі тұрса, біздің университетінің өзінде 50-ге жуығы жұмыс істейді.

Мұндай кездесулер өзара байланыс орнатып қана қоймай, бір-бірімізді қолдап, шабыт беріп, идеялас дос пен әріптестік орнату мүмкіндігімен маңызды. Құндылығы ортақ жандардың қолдауы кез келген істе үлкен күш пен жігер беретіні рас.

Британ университеттерін бітірген түлектердің басым бөлігі Мемлекет қолдауымен білім алды. Қазір олар түрлі салада еңбек етіп жүр. Оқуды бітірген соң еліміздің өңірлеріне келіп, еңбек етіп жүрген әріптестеріме алғысым шексіз. Мемлекет берген мүмкіндікті өңірлердің дамуына арнау азаматтық ұстаным мен қоғамға қызмет көрсетудің жарқын үлгісі деп білемін.

Іс-шараның жоғары деңгейде өтуіне атсалысқан Ұлыбританияның Астанадағы елшілігінің Саяси бөлім басшысы, Эдинбург университетінің түлегі Самуэль Милл мырзаға және компьютер, электр және химиялық инженерия саласында мықты маман болу жөнінде арнайы практикалық семинар өткізген профессорлар Юриан Хейдж, Сами Хайдер және Дмитрий Лапшинге алғыс айтамын.

Кездесу Chevening қауымдастығымен бірлесіп ұйымдастырылды. Іс-шараға арнайы келген шымкенттік әріптестерімізге, барша ақтөбелік түлектерге және кез келген идеяны сапалы жүзеге асыратын Zhubanov University командасына рақмет!

Лаура Қарабасова
Zhubanov University ректоры,
Уорик университетінің
(University of Warwick) түлегі,
"Білім беру" мамандығы бойынша Ph.D.

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №КЗ26ВРУ00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University
облыстық ақпараттық-танымдық газеті

Меншік иесі:
ҚР БЖҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Басқарма төрағасы-Ректор
Лаура Қарабасова

Бас редактор
Гүлнара Қараша

Аудармашы
Айгерке Сұлтанбекова

Дизайнер:
Нұрша Биданова

Фотограф:
Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы,
Гришин көшесі, 7 «А»
337 бөлме

E-mail:
gazetaZhU@mail.ru
Сайт: <http://zhubanov.edu.kz>
Facebook: ZhU oblystyq gazetі

Таралымы: 5000 дана